Для структурирования современного состояния и возможностей развития сферы туризма в Мангистауской области целесообразно использовать анализ сильных сторон, слабостей, возможностей и проблем, затрагивающих природные, инфраструктурные, ресурсные, организационные и другие условия.

Таблица 1 - Оценка современного состояния и возможностей развития сферы туризма в Мангистауской области

Сильные стороны	**Слабые стороны**
1	**2**
Заинтересованность администрации области, города, представителей туристского бизнеса в продвижении Мангистауской области на казахстанском и международном туристском рынке	Высокая транспортная составляющая расходов туристов
Наличие транспортного узла железнодорожных, автомобильных и авиационных путей	Недостаточно развитая туристская инфраструктура, нехватка объектов индустрии отдыха и развлечений
Близость к морю	Моральный и физический износ существующей материальной базы
Наличие базовой туристской инфраструктуры. Благоприятные климатические условия для развития летних видов туризма	Недостаточное количество средств размещения, оказывающих услуги на уровне категорий 3-4 звезды
Наличие природных, архитектурных и исторических памятников	Нехватка квалифицированных кадров: гидов-переводчиков, экскурсоводов. Недостаток обслуживающего персонала в сфере туризма: горничные, повара.
Наличие свободных участков земли для создания туристско-рекреационных зон	Высокий уровень цен, не отражающий качества предоставляемых услуг
Повышение спроса на квалифицированные кадры в области туризма	Неудовлетворительное состояние историко-культурных памятников
Благоприятные климатические условия для развития водных видов туризма. Повышение спроса на деловой туризм	Неразвитая информационная среда, отсутствие визитно-информационных центров

1	2
Повышение спроса на исторический туризм Пробуждающийся интерес туристов к уникальным природным местам, развитие спортивного туризма	Недостаточно эффективная политика в области продвижения туристско-рекреационных продуктов на отечественный и зарубежный рынки
Наличие в области известных спортивных школ и именитых спортсменов	
Возможности	Угрозы
Вовлечение в сферу туристской индустрии хозяйственных отраслей города - строительной, транспортной, организации питания. Создание эффективной информационной среды путем активизации создания в регионе визитно-информационных центров.	Сокращение поддержки экономики региона в целом и туристско-рекреационной отрасли в частности со стороны государства из-за неблагоприятной для страны конъюнктуры, складывающейся на международном рынке (резкое падение цен на нефть и другие энергоносители и сырье)
Привлечение государственных и частных инвестиций в туристские проекты	Возможен отказ туристов от повторного посещения региона
Увеличение сезонности за счет дальнейшего развития и создания новых региональных турпродуктов, включающих объекты природного, исторического, культурного, делового туризма	Недостаток инвестиционно-финансовых ресурсов, направленных на развитие туризма и рекреации
Организация системы непрерывного образования (подготовки, переподготовки и повышения квалификации кадров для туристско-рекреационной отрасли)	Снижение инвестиционной привлекательности туристско-рекреационной отрасли и банкротство ее предприятий из-за сокращения турпотоков
Строительство новых гостиничных комплексов, возможность выделения инвестиционных площадок	Снижение конкурентоспособности региональных турпродуктов
Развитие конгрессной деятельности, проведение различных мероприятий с целью развития делового туризма. Перспективы для развития конгрессно - выставочного, корпоративного туризма	
Интерес международных туристов к путешествиям на большие расстояния, в ещё неосвоенные массовым туризмом места	

Для формирования имиджа Мангистауской области, нужно использовать туристскую деятельность, являющуюся привлекательной по ряду причин:

–туризм - расширяющийся источник поступлений от прибыли в местные бюджеты;

–обслуживание туристов является источником дохода для местного населения;

–туризм позволяет широко использовать природные и культурные достопримечательности территорий;

–туризм стимулирует развитие отраслей, связанных с выпуском предметов потребления и предоставлением услуг;

–туризм оказывает стимулирующее влияние на формирование эффективной транспортной инфраструктуры и развитие служб и средств традиционной и современной связи;

–сравнительно небольшие стартовые капиталы для организации турбизнеса;

–в сфере туризма динамика роста объемов разнообразных предоставляемых услуг приводит к увеличению числа новых рабочих мест намного быстрее, чем в других отраслях народного хозяйства;

–туризм является экологически безопасной сферой деятельности людей;

–туризм способствует совершенствованию системы социального и культурного обслуживания населения, повышению качества жизни, развитию социально-культурной среды в целом.

–туризм позволяет совместить отдых с познанием жизни, быта, истории, культуры, традиций, обычаев своего и других народов, способствует развитию мирных, дружественных отношений между странами.

Возможности и перспективы развития в Мангистауской области различных видов туризма определяются различными факторами макроэкономического и микроэкономического характера. К макроэкономическим факторам можно отнести:

–интерес иностранцев к истории, культуре, искусству нашей страны и области, к ее разнообразной природе, национальным особенностям;

–наличие в регионе естественных природных условий для развития делового, спортивного, охотничьего и экстремального туризма;

– богатый спектр памятников архитектуры, истории, археологии и культуры. К разряду преимуществ микроэкономического характера, которыми располагает Мангистауская область, можно отнести:

–возможность организовывать выставки, конгрессы, конференции, проводить спортивные соревнования, культурные мероприятия, рассчитанные на привлечение участников из различных регионов РК и стран мира;

–возможности развития различных видов познавательного туризма (например, исторического туризма);

–экономическая заинтересованность жителей других регионов Казахстана и стран мира в установлении деловых и научных контактов с предприятиями, организациями и учреждениями области (деловой и научный туризм);

–возможность обеспечения прямого воздушного сообщения с Россией, Турцией, Грузией, Азербайджаном и другими странами;

–постепенное увеличение количества средств размещения со средним и высоким уровнем обслуживания, в том числе малых гостиниц с высоким уровнем комфорта;

–наличие исторических и культурных ресурсов для организации городских туристских и экскурсионных маршрутов и создания комплексных туристских продуктов;

–проведение выставочных и ярмарочных мероприятий, форумов, конференций и семинаров международного масштаба, формирующих имидж зарождающегося центра делового туризма.

Таким образом, для взаимодействия Мангистауской области и бизнеса в рамках государственно-частного партнерства имеются все предпосылки и это дает возможность для становления перспективного направления интенсификации развития индустрии туризма и гостеприимства в современных условиях. Это возможно на основе дальнейшего совершенствования диалога между органами власти и деловыми кругами, творческой и продуктивной работы в этой сфере.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Материалы Международного семинара «Государственно-частное партнерство в туризме: проблемы и перспективы», г. Москва, 15 марта 2010.

[2] Есембекова Д. «Сфера туризма - возможности для инвестора», Капитал. Центр деловой информации. Деловой портал Kapital.kz, 2015.

[3] Власова Т.И. Государственно-частное партнерство – один из основных факторов динамичного развития индустрии туризма и гостеприимства Материалы международной научно-практической конференции «Роль туризма в модернизации экономики российских регионов» Петрозаводск-Кондопога, 2010 .

POSSIBILITIES OF DEVELOPMENT OF STATE-PRIVATE PARTNERSHIP IN THE TOURISTIC INDUSTRY

Saymagambetova G.A. - Caspian State University of Technology and Engineering. Sh. Esenova, Aktau, Republic of Kazakhstan

Annotation**.** In the article the questions of development of public-private partnership in the tourism sphere of Mangistau region are considered. Attraction of investments is one of the topical problems of local executive bodies. Modern conditions require the state and business to intensify activities aimed at increasing the efficiency of the economy, where a significant factor of impact is state support in the development of public-private partnership (PPP) for most spheres of society and, including, the sphere of tourism.

Keywords**.** public-private partnerships, tourist industry, tourist infrastructure, sphere of tourism, regional tourism.

УДК 349.01 (075)

Акберов З.М.[1]
[1]Каспийсий государственный университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова г. Актау, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ СОВЕШЕНСТВОВАНИЯ ИПОТЕЧНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РК НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

Аннотация. В статье автор рассматривает вопросы ипотечного кредитования в Республике Казахстан и вопросы совершенствования ипотечного законодательства РК. Совершенствования законодательства в сфере ипотечного кредитования позволяет защиту прав потребителей от банковского произвола. А так же позволит расширения функции банковского омбудсмена.

Ключевые слова: ипотека, залог, кредитный договор.

Слово «ипотека» греческого происхождения. Впервые оно было употреблено в законодательстве Солона (6 в. до н. э.).

Само понятие «ипотека» основывается на древнеримских принципах залога, являясь более совершенной его формой. Со временем менялись лишь условия предоставления, объемы и цели ипотечного кредита, надежность его обеспечения, кредитных отношений, связанных с ипотекой.

Ипотека - это одна из форм имущественного обеспечения обязательства должника, при которой недвижимое имущество остается в собственности должника, а кредитор в случае невыполнения последним своего обязательства приобретает право получить удовлетворение за счет реализации данного имущества [1, с.205].

Обязательство должника может быть не только банковским, но и обязательством, основанным на купле-продаже, аренде, подряде, другом договоре, причинении вреда и т. п. Ипотека характеризуется следующими отличительными чертами:

Во-первых, ипотека, как и всякий залог, - это способ обеспечения надлежащего исполнения другого (основного) обязательства – займа или кредитного договора, договора аренды и т. д. Следовательно, ипотека базируется на основном обязательстве, так как без него она теряет смысл.

Во-вторых, в качестве предмета ипотеки всегда выступает недвижимость. К недвижимому имуществу относятся земельные участки и все, что прочно с ними связано: предприятия, жилые дома, другие здания, сооружения.

В-третьих, предмет ипотеки всегда находится во владении должника. Он же остается собственником, пользователем и фактическим владельцем этого имущества, но лишается права распоряжения им, по крайней мере, без согласия кредитора, на время залогового периода.

В-четвертых, договор кредитора и должника об установлении ипотеки оформляется специальным документом - закладной, которая сопровождается нотариальным удостоверением и государственной регистрацией.

В-пятых, при значительном превышении стоимости залога над суммой выданного кредита ипотека дает возможность получить дополнительные ипотечные ссуды под залог того же имущества (вторая, третья ипотека). Права ипотечных кредиторов по одному и тому же недвижимому имуществу удовлетворяются в порядке регистрации ипотеки, т. е. внесения записи о регистрации ипотеки в специальные ипотечные книги.

И, наконец, в случае неисполнения обязательства, обеспеченного ипотекой, кредитор вправе требовать продажи заложенного имущества с публичных торгов. При реализации имущества, заложенного по договору ипотеки, ипотечный кредитор имеет преимущества перед другими кредиторами в размере суммы, указанной в закладной [2, с.10].

Из сказанного выше следует, что можно выделить следующие принципы ипотеки:

- гласности, или публичности, - доступ каждого заинтересованного лица к информации, содержащейся в ипотечной книге;
- специальности - возможность установления ипотеки только к определенной недвижимости и в определенном объеме;
- достоверности - записи в публичных книгах означают, что в отношении данного имущества нет иных прав и правовых ограничений, кроме обозначенных;
- старшинства - преимущество одного закладного права перед другим в зависимости от времени внесения его в ипотечную книгу;
- бесповоротности - ипотека прекращается лишь в случаях, прямо предусмотренных в законе или договоре;
- неприменимости погасительной давности к занесенным в ипотечную книгу правам.

Закон разработан в целях совершенствования системы защиты прав потребителей финансовых услуг и механизмов защиты социальных гарантий граждан по вопросам ипотечного кредитования. Также целью законопроекта является усиление ответственности должностных лиц акционерных обществ путем определения их персональной ответственности за принимаемые решения.

Как отмечается в заключении по финансам и бюджету, в ходе обсуждения законопроекта и подготовки его ко второму чтению с учетом замечаний и предложений комитетов Сената возникла необходимость внесения изменений и дополнений в одобренный Мажилисом законопроект.

Внесенное изменение в новую статью 40-1 закона РК “О банках и банковской деятельности в РК” касательно формирования совета представителей, который в свою очередь избирает банковского омбудсмена и решает иные вопросы, связанные с деятельностью банковского омбудсмена. Поскольку банковский омбудсмен учреждается для урегулирования разногласий, возникающих из договора ипотечного займа между банком и заемщиком — физическим лицом, предлагается в совет представителей включить представителей от общественных организаций, представляющих интересы заемщиков.

Таким образом, совет представителей будет представлен всеми заинтересованными сторонами, что будет способствовать объективности принимаемых решений данным советом представителей.

Кроме того, вносятся изменения в статью 2 законопроекта, согласно которой придается обратная сила нормам, предоставляющим заемщикам при заключении договора банковского займа право выбора страховой организации и (или) оценщика, а также предусматривающим запрет на возложение обязанности заемщику страховать свою жизнь и здоровье.

Также предлагается распространить обратную силу на отношения, связанные с взиманием неустойки или иных видов штрафных санкций за досрочное погашение займов, за исключением случаев частичного досрочного погашения или полного досрочного погашения основного долга до одного года с даты получения займа.

Закон разработан в целях совершенствования системы защиты прав потребителей финансовых услуг и механизмов защиты социальных гарантий граждан по вопросам ипотечного кредитования. Также целью законопроекта является усиление ответственности должностных лиц акционерных обществ путем определения их персональной ответственности за принимаемые решения.

Вместе с тем, принятые поправки в законодательные акты в сфере ипотечного законодательства не достаточно. Так как процентные ставки высокие и нет стабильности на рынке труда.

Из всего вышесказанного можно сделать вывод о том, что ипотечное жилищное кредитование в Республики Казахстан ограничивается в своем развитии следующими факторами:

•неотработанность государственными финансовыми и экономическими органами функционирования системы ипотечного жилищного кредитования;

• относительная слабость отечественной банковской системы, ее незаинтересованность в работе с населением;

• невысокий финансовый потенциал отечественных страховых, риэлтерских и оценочных компаний; отсутствие у них необходимого опыта по страхованию рисков, возникающих в связи с предоставлением ипотечного кредита;

• отсутствие у населения устойчивых моделей сберегательного и кредитного поведения;

• юридические (правовые) проблемы, охватывающие вопросы создания жилищно-инвестиционного законодательства, нормативно-правовой базы, позволяющие слаженно работать всем секторам инвестиционного жилищного рынка;

• высокая стоимость ссуд при низкой платежеспособности населения;

• проблема привлечения долгосрочных ресурсов в ипотечную жилищную систему.

Чтобы преодолеть хоть небольшую часть этих факторов государству следует решить множество проблем. В первую очередь необходимо принятие законодательных актов в области строительства, способствующих снижению себестоимости жилья. Прежде всего, пристальное внимание надо обратить на выделение земельных участков под застройку, при котором велика зависимость инвесторов и строителей от местных администраций. Больших инвестиций со стороны строителей требует выкуп участков и проведение к ним коммуникаций. Это возможно решить путем развития девелопмента, изменения ряда налогов и других мер.

Еще одна весомая проблема - это отсутствие в СМИ доступной полноценной информации об ипотеке. Несмотря на значительный интерес, проявляемый всеми слоями общества к ипотечному рынку и рынку жилья, среднестатистический потребитель по-прежнему знает об ипотеке очень мало. А ведь высокий статус национального проекта просто обязан быть подкреплен регулярной информационной работой с использованием всех каналов.

Также требуют срочного решения и проблемы, связанные с получением исходно-разрешительной документации, согласованием и проведением экспертиз градостроительной и проектной документации. От подачи заявки на предоставление земельного участка до утверждения акта приемки объекта в эксплуатацию и государственной регистрации права на объект недвижимости проходит от 1,5 до 3,5 лет.

Из вышесказанного можно сделать вывод о том, что ипотечный кредит в Республике Казахстан один из видов банковского кредитования очень остро нуждается в поддержке в виде инвестиций и вложений, надежной правовой и законодательной базе, льготных программах, бюджетных программах, в благоприятных условиях развития, эффективной и четкой политики государства. В заключении можно отметить что, повышение уровня обеспеченности населения жильем во всех странах решается с помощью механизма ипотечного кредитования.

Ипотека - понятие разностороннее и многогранное, что объясняет большое количество ее отличительных черт, из которых выделяются ее главные принципы: гласность, специальность, достоверность, старшинство, бесповоротность. Классификация ипотечных кредитов производится по различным признакам, которые фиксируются законодательными и нормативными документами.

Из проделанных исследований можно сделать вывод о том, что на данном уровне развития экономики для граждан Республики Казахстан не выгодно решать жилищные проблемы с помощью ипотеки, т.к. в конечном итоге переплачивается 63% вместо предполагаемых 14,5% от первоначального займа.

Поэтому к решению об ипотечном кредитовании нужно подходить с четким расчетом, что будет более выгодным для населения в конкретных обстоятельствах.

Из полученных данных можно сделать главный вывод, что ипотечное кредитование в Республике Казахстан еще не совершенно и особо остро нуждается в поддержке в виде инвестиций и вложений, надежной правовой и законодательной базе, льготных программах, бюджетных программах, в благоприятных условиях развития, эффективной и четкой политике государства в этой сфере.

ЛИТЕРАТУРА:

[1]. Грудцына Л.Ю. Ипотека. – СПб., 2005. – 236 с.

[2]. Назаров, В. Ипотека: руководство к действию - СПб., 2005. – 345 с.

PROBLEMS OF MORTGAGE LEGISLATION OF RK ON THE MODERN STAGE

Akberov Z.M. - Caspian State University of Technology and Engineering. Sh. Esenova (Aktau), Republic of Kazakhstan

Absract. In the article an author examines the questions of the mortgage crediting in Republic of Kazakhstan and questions of perfection of mortgage legislation of РК. Perfections of legislation in the field of the mortgage crediting allows protection of consumers from bank tyranny.

Key words**:** mortgage, mortgage, and credi

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚР ИПОТЕКАЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Акберов З.М. - Ш. Есенов атындағы каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада автор Қазақстан Республикасындағы ипотекалық кредиттеу және жетілдіру мәселелерін қарастырады. Заңнаманы жетілдіру саласында тұтынушыларға ипотекалық кредиттеуге және олардың құқығын қорғауға жағдай туғызады. Сонымен қатар банк омбудсменнің функцияларын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: ипотека, кепіл, кредиттік шарт.

ӘОЖ 343(045)

Алибеков С.К.[1]
[1]Ш. Есенов атындағы каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа. Берілген ғылыми мақала бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды әлеуметтік бейімдеу мәселесін қарастырған. Автор құқық қорғау органдарының әлеуметтік қорғау органдарымен әлеуметтік бейімдеу өрісіндегі ықпалдастығын, сондай-ақ еліміздің ірі қалаларында ұйымдастырылған әлеуметтік бейімдеу орталықтарының жұмысын талдауға тырысқан.

Түйінді сөздер**:** қоғамдық қатынастар, бейімдеу орталықтары, әлеуметтік орта, жағымды әлеуметтік байланыстар, қылмыстардың алдын алу.

Қоғамдық қатынастарды реттеу барысындағы өзінің басты міндеттерін мемлекет талапқа сай атқара алмаса, жеке адамның негізгі құқықтары мен мүдделерін құқыққа қайшы, соның ішінде қылмыстық қол сұғушылықтан тиімді түрде қорғай алмаса қоғамда келеңсіз көріністердің белең ала бастайтындығы түсінікті жағдай.

Өз тәуелсіздігіне ие бола отырып, біздің еліміз аса маңызды саяси, әлеуметтік-экомикалық және құқықтық реформаларды жүзеге асыруға міндетті болатын. Олардың қатарында еліміздің ұлттық құқықтық жүйесін қалыптастыру міндеті де ерекше маңыздылыққа ие еді.

Жоғарыда аталған аса ауқымды және маңызды реформаларды жүзеге асыруда Қазақстанның тәжірибесі де, шын пейілді кеңесшісі де жоқ болатын. Алайда аталған міндеттерді барынша тез және икемді шешу уақыттың өзі қойып отырған міндет саналатын. Елбасы «нарықтың әлеуметтік проблемаларды өзінен-өзі шешіп бере алмайтындығы сияқты әділетті қоғам да декереттермен құрылмайды. Нарықтық романтизмнің немесе құқықтық абстракциялардың кезекті утопиясының торына түсіп қалмас үшін біз халықтың жаппай күтіп отырған нәрселерін парасаттылықпен бағалауға тиіспіз» - деп осы мәселеге ерекше назар аударады [1.63].

Соңғы жылдардағы мәліметтерге көз жүгірте отырып еліміздегі криминогендік жағдайдың біршама тұрақтанғандығын анық байқауға болатындай. Дей тұрғанмен қылмыстылықтың құрылымындағы, қарқындылығындағы жағымсыз өзгерістерге байланысты жалпы жағдай әзірге өте күрделі күйінде қалып отыр.

Құқықтық статистика мен арнайы есепке алу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша басқармасының ақпараттық-статистикалық материалдарында жарияланған деректерге қарағанда Маңғыстау облысы бойынша 2001 жылы 3011 қылмыс, 2002 жылы 2664 қылмыс, 2003 жылы 2374 қылмыс, 2004 жылы 2926 қылмыс, 2005 жылы 2842 қылмыс, 2006 жылы 3071 қылмыс тіркелгендігін байқауға болады. Маңғыстау облысы бойынша қылмыстылық деңгейінің бес жыл ішінде, яғни 2001-2004 жылдар аралығында төмендегендігі байқалғандығымен бұл көрсеткіш 2004 жылдан бастап қылмыс деңгейінің өскендігін анық көрсетеді. Қылмыстардың ашылу көрсеткіші 2001 жылы 79,9%, 2002 жылы 80,2%, 2003 жылы 80,2%, 2004 жылы 77,9%, 2005 жылы 75,6%, 2006 жылы 63,9%, құраған. Осы мерзім аралығында Маңғыстау облысында тіркелген ауыр және аса ауыр қылмыстардың саны 10,41%, артқан немесе 2005 жылы ондай қылмыстардың жалпы саны 663-ті құраса ол көрсеткіш 2006 жылы 732-ні құраған және олардың 202-сі оның ішінде 4 қасақаналықпен адам өлтіру оқиғасы ашылмай қалған. Тіркелген қылмыстардың жалпы санының қатарында ауыр және аса ауыр қылмыстар 23,8%,-ды құраған. [2, 5.].

Сонымен қатар кейбір реттерде қылмыстардың тіркелмей қалуы немесе жәбірленушілердің өздеріне қарсы жасалған қылмыстық қол сұғушылық оқиғасына байланысты құзіретті органдарға хабар бермейтіндігін ескерсек қылмыстылықпен күрес қоғамымыздағы аса өзекті мәселелердің қатарында қалып отырғандығын мойындауымыз керек.

Қоғамдағы қылмыстылықтың алдын алудағы әралуан жүйелердің арасында шешуші маңыз әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық пен басқару, идеологиялық, құқықтық және мәдени-тәрбиелеушілік сиаттағы шараларға беріледі. «Құқықтық мемлекеттің дамуын қамтамасыз ететін құралдардың бірі дұрыс айқындалған қылмыстық-құқықтық саясат болып табылады. Біздің елімізде бұл адамды, оның өмірін, құқықтарын, бостандықтарын ең жоғарғы құндылық деп жариялаған Негізгі Заңнан келіп шығады. Заң бұзушыларға қарсы қатаң жазалау шараларынан бас тарта отырып, мемлекет олардың жауапкершілігінің ақылға қонымды түрлерін орнықтырады, ол құқықтық саясаттан және жазаны орындау жүйесін ырықтандырудан көрінеді. Нәтижесінде, егер осыдан біраз ғана бұрын Қазақстан бас бостандығынан айырылғандардың саны жағынан әрбір 100,000 адамға шаққанда АҚШ пен Ресейден кейін дүние жүзінде үшінші орында тұрса, бұл көрсеткіш бойынша ол қазір 24-позицияға түсті» [3.92].

Қылмыстық жазаның қылмыскердің жеке басына әсер етудің құралдарының бірі ретіндегі оның көзқарастары, сенімдері, тәлімдері мен дағдыларын өзгеріске ұшыратудағы объективтік мүмкіндіктерінің және жазаны өтеу барысындағы түзету мен тәрбиелеудің шектері мәселелерін зерттеудің үлкен теориялық және практикалық маңызы бар. Жазаның атқарылуын жүзеге асырушы органдардың қызметінің тиімділігінің негіздері мен көрсеткіштері, шартты-мерзімінен бұрын босатуды қолданудың негіздемесі және жазаның әртүрлі ең алдымен бас бостандығынан айыру мерзімдерінің оңтайлылығы сияқты аса күрделі теориялық және практикалық мәселелер кешенінің шешілуі аталған тақырыптың қаншалықты терең зерттелуіне негізделеді.

Осы аталған мәселе түзеу мекемелерінен бостандыққа шыққандардың еркіндіктегі өмірге, яғни әлеметтік ортаға бейімделуінің үрдісін басқаруды шешіп, ұйымдастырудың көптеген мәселелерімен – осындай адамдарды әлеуметтік ортадағы өмірге психологиялық және өнегелілік тұрғыдан дайындау, олардың өмірдің жаңа жағдайларына барынша тез бейімделуін қамтамасыз ету мақсатындағы оларға мемлекеттік және қоғамдық ықпал етулердің бағыттар мен нысандары туралы мәселелердің шешілуімен өте тығыз байланысты.

Сотталған адамдарды түзету және тәрбиелеудің мүмкіндіктері мен шектері туралы мәселе тек құқықтық ғана емес сонымен қатар ол криминологиялық, психологиялық, педагогикалық болып табылады. Сондықтан берілген мәселені терең зерттеу қылмыстық және қылмыстық-атқару құқықтары, криминология, психология және педагогика сияқты ғылымдардың тұтастай кешенінің мәліметтері негізінде ғана жүзеге аса алады.

Қылмыстық жаза мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекше нысаны ретінде сотталған адамдардың түзелуіне, сотталған адамдардың және басқа да тұлғалардың жаңадан қылмыс жасауының алдын алуға қызмет жасауы тиіс. Басқаша айтқанда жаңадан немесе қайталап жасалатын қылмыстардың алдын алу жазаның негізгі әлеуметтік қызметі болып табылады [4, 55.]. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңдарының мақсаттары мен міндеттері ретінде әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу, сотталғандардың да, өзге адамдардың да жаңа қылмыстар жасауының алдын алу осы мақсаттарға сәйкес жазаларды өтеудің тәртібі мен жағдайларын реттеу, сотталғандарды түзеу құралдарын анықтау, олардың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік бейімделуге көмек көрсету бекітілген [5, 3.].

Қылмыстық жазасын өтеп шыққан тұлғалардың әлеуметтік ортаға табысты түрде бейімделуінің аса маңызды факторы олардың еңбек және тұрмыстық мәселелерін шешу болып табылатындығы анық. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңында әртүрлі деңгейдегі әкімдіктер жазаны өтеуден босатылған адамдарға жұмысқа орналасуда және тұрмысын жайластыруда, сондай-ақ әлеуметтік көмектің басқа да түрлерін көрсетуде жәрдемдесетіндігі бекітілген [5, 72.].

Еңбек және тұрмыс мәселелерін шешудің айқын байланысының бар болуына қарамастан сотталғандарды бас бостандығынан айыру орындарынан бостандыққа шығаруға дайындаудың аталған элементтерін өздерінің мазмұнына ие болатындықтан оларды жеке талдау қажет болады.

Еңбек және тұрмыстық жайластыру термині еңбекпен-түзету құқығы бойынша бұрынырақта жазылған әдебиеттерде кеңнен қолданылады [6, 85.]. Алайда оны құрайтын әрбір элементтің анықтамасы шындығында берілмеген. Еңбекке орналастыру жұмыспен қамтамасыз ету ретінде бірегей түсіндіріледі. Тұрмыстық жайластыру тек күрделірек мазмұнға, өзінің тегінде көп аспектілікке ие болып ғана қоймайды сонымен бірге негізгі орынды иемденеді. Бостандыққа шыққандардың тұрмыстық мәселелерін шешудің аса маңызды бөлшегі болып оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесінің табылатындығымен ерекшеленеді. Баспанасы жоқ адамның жұмысқа орналасып ел қатарлы күн кешуі тіптен мүмкін болмайтын жағдай. Сонымен бірге тұрмысты жайластыру тек тұрғын үй мәселесін шешумен ғана бітпейтіндігі тағы белгілі. Сол себепті әдебиеттерде «тұрғын үй» емес «тұрмыстық» жайластыру терминінің қалыптасуы кездейсоқ емес.

Адамның қоғамдық тіршілік иесі ретіндегі мәнісі оның өзіне жақын адамдармен өзара қарым-қатысында көрініс табады және де ең алдымен олармен байланысқа түсудің ықпалымен өмірлік құндылықтар туралы дұрыс немесе бұрыс ұғымдар, қоғаммен және моралдық тұрғыдан қуатталатын қажеттіліктерді қанағаттандырудың мүмкін жолдары, тиісті мінез-құлық туралы көзқарастар қалыптасады [7, 43.].

Жеке адамның кемшіліктері мен оның тұлға ретінде қалыптасуы жүзеге асқан отбасының кеселдері арасындағы байланыс криминологтармен дәлелденген. Отбасының криминогендікке қарсы фактор ретіндегі рөлі де жалпыға аян [8, 33.]. Қылмыс жасау және сотталу фактісі көп жағдайда отбасының қылмыстық ниеттердің пайда болуы мен жүзеге асырылуына қарсы тұра алмағандығын немесе отбасының өзі белгілі бір шамада осындай ниеттердің пайда болуына бастау болғандығын немесе сырттай бақылаушының рөлін атқарғандығын көрсетеді. Дегенмен де отбасы кез келген адам үшін құндылық болып табылатындықтан сотталған адам үшін тұрмыстың жайлылығы ең алдымен отбасымен байланысты болады.

Түзеу мекемелерінде бостандыққа шыққандардың тұрмысын жайластыруға көмек көрсету мақсатында көптеген істер атқарылуда ол өз кезегінде олардың әлеуметтік ортаға табысты түрде бейімделуі үшін маңызға ие бола отырып және де жазадан босатылғандардың рецидивтік қылмыстылығының алдын алу факторының рөлін атқарады.

Қазақстан Республикасының түзеу мекемелеріндегі тәрбиелік жұмыстардың 2007 жылдың 9 айындағы жәй-күйі туралы шолудың материалдары бойынша көрсетілген мерзім ішінде түзеу мекемелері жергілікті атқарушы билік органдарына сотталғандардың бостандыққа шығатындығы, олардың тұрғын үйінің, еңбек қабілеттілігінің және мамандықтарының бар екендігі туралы 9242 хабарлама жіберсе, аудандық немесе қалалық ішкі істер органдарына бостандыққа шыққандардың еңбек және тұрмыстық мәселелерін шешу туралы 8881 өтініш жасаған. Олар бойынша 3674 жауап алынған болса оның 2829-ы мәселені негізінен шешудің мүмкіндігі туралы жауап болған [9, 1.].

Қазіргі уақыттағы біздің еліміздегі құқықтық реттеу жүйесінің жазасын өтеп шыққан тұлғаларға өздерінің еңбек етуге, денсаулығын қорғауға, әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілуге деген конституциялық құқықтарын толық дәрежесінде жүзеге асыруға кепілдік бермейтіндігін өкінішке орай атап өтуге тиіспіз. Дей тұрғанмен өзін әділетті санайтын қоғам өзінің әрбір мүшесінің тағдырына сергектікпен қарап, оның өмірден лайықты орынын табуына жағдай жасауы тиіс. «Қоғам өзінің әрбір мүшесінен пайдалы азамат жасауға жағдай туғызуы тиіс, ол оның тіпті құлдырауы немесе түзетілуі мүмкін қателіктер жасаған кезінде де ерік-жігерін жұмсауға міндетті. Ендеше, жеке тұлғаның оны әлеуметтік бейімдеу мақсатындағы әсер етулерге құқылы болуы табиғи нәрсе» [10, 260.].

Біздің еліміздегі қазіргі қалыптасқан жағдай қандай дейтін сұраққа жауап іздер болсақ біз бірден аталған мәселені, яғни әлеуметтік бейімдеу мәселесін шешуде соңғы жылдары көптеген алға басушылықтардың, біршама жетістіктердің бар екендігін айтуға тиіспіз. Осы мәселені шешуде 2000 жылғы 16 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 408 Қаулысы шешуші қадам болғандығын атап көрсету керек. Аталған қаулыда белгілі тұрғылықты жері, кәсібі және күн көрістік қаражаты жоқ тұлғаларға әлеуметтік, дәрігерлік және басқалай көмек көрсету және халықтың санитарлық-эпидемиялық саулығын қамтамасыз ету және де қоғамдық тәртіпті нығайту мақсаттарында облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне 2000 жылдың 1 маусымына дейін тұрғындар саны 100 мың адамнан асатын қалаларда белгілі тұрағы жоқ тұлғалар үшін әлеуметтік бейімдеу орталықтарын құру туралы ұсыныс жасалған болатын.

Еліміздің Алматы, Астана, Қарағанды, Өскемен сияқты ірі өндіріс ошақтарында орналасқан әлеуметтік бейімдеу орталықтарыда орын жетіспеушілігі айқын сезілуде. Осыған байланысты облыстарда әрбір 200000 адамға шаққанда 30-50 орындық бір әлеуметтік бейімдеу орталығы ашу мәселесі күн тәртібінде тұр. Кейбір облыстарда әлеуметтік бейімдеу орталықтары елді мекендерден тысқары орналасқан және оларға тек көлікпен және бірнеше рет көлікті ауыстыру арқылы ғана жетуге болады бұл өз кезегінде жол қаражаты жоқ адамдарға қиыншылықтар туғызады. Мәселен, Ақтау қалалық әлеуметтік бейімдеу орталығы қаладан 30 шақырым жердегі Маңғыстау кентінде орналасқан және оның мекен жайын көпшілік адамдар біле бермейді. Сонымен бірге аталған кенттің жаңадан ұйымдастырылған Мұнайлы ауданының орталығы айналуына байланысты қалалық бейімдеу орталығын Ақтау қаласына көшіру мәселесі туындап отыр.

Ақтау қаласының әлеуметтік бейімдеу орталығы 2001 жылы 50 адамға арналып ашылған болса онда қазіргі уақытта 89 адам тұрып жатыр және олардың тек үшеуі ғана түзеу мекемелерінің жолдамасымен орналастырылғандар. Ақтау қалалық халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мәліметтері бойынша түзеу мекемелерінен бостандыққа шыққан адамдарды жұмысқа орналастыру туралы 2006 жылы 96 хат келген болса олардың тек екеуі ғана қалалық жұмыспен қамту орталығына өздері келіп хабарласып жұмысқа орналасқан. 2007 жылдың 9 айында түзеу мекемелерінен 92 хат келген болса қалалық жұмыспен қамту орталығына жазасын өтеп шыққандар арасынан 5 адам өздері келіп хабарласып олардың төртеуі тұрақты жұмысқа орналастырылған 2 адам жергілікті бюджет есебінен оқып мамандық алған. Сонымен бірге халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметкерлерінің сөзіне қарағанда түзеу мекемелеріне келген хаттарда көрсетілген бостандыққа шыққан адамдардың мекен-жайлары көп жағдайда шындыққа сай келмейтіндігін атап көрсету керек. Біздің ойымызша бұл жерде сотталған адамдардың бостандыққа шыққаннан кейінгі оларға қойылуы мүмкін бақылаулардан жалтару мақсатында өздерінің тұрғылықты мекен-жайы туралы бұрмаланған ақпартты беруінде сияқты.

Жағымды шешілуі өз кезегінде әлеуметтік бейімдеу орталықтарының жұмысын жақсартып қылмыстық жазасын өтеп шыққан адамдардың қоғам өміріне барынша белсенді және табысты кірігуіне мүмкіндік туғызатын мәселелер ретінде төмендегілерді атап көрсетер едік: 1) халық тығыз қоныстанған ірі қалалар мен облыстардығы бейімдеу орталықтарындағы орынның жетіспеушілігі; 2) кейбір бейімдеу орталықтарының елді мекендерден жырақта орналасуы оның өз кезегінде оларға барып-келуде қиындықтарды туындатуы; 3) бейімдеу орталықтарында орналасқандар үшін жаңа жұмыс орындарын ашудағы жетіспеушіліктер; 4) бейімдеу орталықтарының кейбір қызметкерлерінің өздерінің тікелей міндеттеріне адал қарамауы; 5) бейімдеу орталықтарынан босатылған адамдарды арзан әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесінің шешімін таппауы салдарынан оларды белгілі бір мекен-жайға тіркеу мәселесінің пайда болуы; 6) әлеуметтік бейімдеу орталықтарына орналастырылған азаматтардың санатымен жұмыс жасауда тәжірибесі бар кәсіби психологтар мен әлеуметтік қызметкерлердің жетіспеушілігі.

Аталған мәселелердің оң шешімін табуы қылмыстық жазасын өтеп шыққандардың әлеуметтік ортаға табысты түрде бейімделуіне игі әсерін тигізіп, қылмыстылықтың алдын алуға себепкер бола алады деп санаймыз

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Назарбаев Н. Тарих тағылымдары және қазіргі заман; Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің бес жылдығына арналған салтанатты жиналыста жасалған баяндама. – Алматы. Қазақстан, 1997. – 128 бет

[2] Информационно-статистические материалы по итогам 2006 года; Управление комитета по правовой статистике и специальным учетам по Мангистауской области. – Актау, 2006.

[3] Назарбаев Н. Қазақстан жолы. – Астана, 2007 – 372 б.

[4] Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2006. – 79 б.

[5] Кузнецова Н. Ф. Криминология как наука // Советская юстиция. 1970 г. №2. С. 8.

[6] Шмаров И. В. Преодоление отрицательных последствий отбывания уголовного наказания // Сов. гос-во и право. 1977. № 2. – С. 38-42.

[7] Сычев Ю. В. Микросреда и личность. – М.: Наука, 1974. – 168 с.

[8] Шестаков Д. А. Введение в криминологию семейных отношений.Л., 1980.–133с.

[9] Обзор о состоянии воспитательной работы в исправительных учреждениях республики за 9 месяцев 2007 года / Астана – 2007г. Управление по воспитательной работе Комитета УИС МЮ РК. 11 с.

[10] Ансель М. Новая социальная защита // Гуманистические движения в уголовной политике. – М.: Прогресс, 1970. – С. 68-70.

ROLE CENTRE TO SOCIAL ADAPTATION IN WARNING THE CRIMES

Alibekov S.K. - Sh. Yessenov Caspian state university of technologies and engineering, Aktau city, Kazakhstan.

Abstract. The Scientific article is dedicated to problem to social adaptation freed from places of the deprivation of the liberty. The Author tried to reveal importance of the interaction law-enforcement organ with organ of social protection in sphere of the social adaptation, as well as, is analyses work centre to social adaptation organized in large city of our country.

Key words: social relations, adaptation centers, social environment, positive social connections, crime prevention.

РОЛЬ ЦЕНТРОВ СОЦИАЛЬНОЙ АДАПТАЦИИ В ПРЕДУПРЕЖДЕНИИ ПРЕСТУПНОСТИ

Алибеков.С.К. - Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан

Аннотация. Данная научная статья посвящена проблемам социальной адаптации освобожденных из мест лишения свободы. Автор попытался раскрыть значение взаимодействия правоохранительных органов с органами социальной защиты в сфере социальной адаптации, а также, анализировано работа центров социальной адаптации организованных в крупных городах нашей страны.

Ключевые слова: общественные отношения, центры адаптации, социальная среда, положительные социальные связи, предупреждение преступности;

УДК 336.01

Сатанбаева А.У.[1]

[1]Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан

САНДЫҚ ВАЛЮТАНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Зерттеудің мақсаты әлемдік қаржы құрылымындағы өзгерістерге байланысты халықаралық төлем бірлігін енгізу мәселелері. Бұл әлемдік валюталар

"соғысынан", спекуляциядан және сауда қатынастарындағы келіспеушіліктерден қорғайды. Валюта өзінің тұтынушыларына тән эмиссияның қарапайым механизмінен құрылу керек. Цифрландыру және технологиялардың дамуын есепке алсақ әлемдік валюта криптовалюта түрінде жасалу қажет.

Түйінді сөздер: сандық ақша, биткоин, цифрландыру.

Қаржы нарығындағы өзекті мәселелердің бірі болып қазіргі таңда сандық ақша түрін қолданысқа енгізу болып отыр. Қазақстан заңдарында «криптовалюта» түсінігі жоқ және ол заңды төлем құралы ретінде анықталмаған. Сондықтан қандай да бір мүлік ретінде анықталуы мүмкін.

Зерттеу барысында мынадай мәселелер анықталды: сандық валютаның ерекщеліктері; криптовалютаның кемшіліктері; Қазақстан Республикасында толыққанды сандық ақшаны басқару мен реттеу туралы заңның жоқтығы.

Жаңа сандық технологиялардың дамуы кез-келген салаға өз әсерін тигізіп жатыр. Электронды төлем жасау қалыпты процеске айналып, электронды ақшалар уақыты жақындап келеді.

Бұл сандық ақша төлем құралы. Жалпы «крипто» сөзін грек тілінен аударсақ (құпия, жасырын) деген мағына береді. Мысалы сіз ватсап желісі арқылы жазған, жіберген хабарламаларыңыз әріптермен кетпей қауіпсіздік үшін шифрланады. Сандық ақша дәл сол сияқты. Бұл ақша бірліктерінің физикалық баламасы жоқ, олар тек виртуал кеңістікте ғана жүреді.

Виртуалды Биткоин ақшалары — криптовалюта түрлерінің ішіндегі ең танымал электронды құрылғы. Оны ешкімге белгісіз Сатости Накамото деген лақап атпен танымал бағдарламашы 2009 жылы дүниеге әкелген. Биткоинның термині мен оның ерекшелігін (Биткоин алгоритмін) енгізген де сол адам. Ол немесе олардың кім, қайдан екенін ешкім білмейді. Бірақ бағдарламаны ғана жасап қоймай, арнайы компьютерге әмиян орнатуға болатын қосымшаны да іске қосты.

Қазақстанда «криптовалюта», оның төлем жүйесі «биткоин» және оларды программалық тұрғыда қамтамасыз ететін «майнинг» сынды сөздер қолданысқа ене бастағанына аз ғана уақыт өтті.

Биткоин криптовалютасы басқа елдердің ақшалары сияқты қасиеттерге ие:

1. айырбастау құралы
2. сақтау құралы
3. есептік бірлік

Еуропаның валютасы еуро, Америкада доллар, Қытайда юань, Қазақстанда теңге болса, енді интернеттің өз валютасы пайда болды. Ол — Биткоин криптовалютасы деп аталады. Шынайы өмірде біз қай жерде жүрсек, сол жердің валютасын қолдануға мәжбүрміз. Ал интернет қолданушыларына төлемдерін Биткоинмен жүргізуді ешкім талап етпейді. Криптовалюта — еркін адамдардың еркін таңдауы.

Криптовалюта— сандық валютаның түрі. Оның эмиссиясы мен есеп-қисабы түрлі криптографиялық әдістерге негізделген. Ал жұмыс істеуі компьютерлік желіде орталықтандырылмаған. Криптовалюта — жаңа технологиялар мен үкіметтің бақылауынсыз жүргізуге негізделген төлемдер мен ақша аударымдарының жылдам әрі сенімді жүйесі. Криптовалюталардың ішінде танымалдылығы жағынан екінші орында — Лайткойн. Бұл криптовалютаның транзакция алгоритмі тезірек жұмыс жасайды. Биткойн мен Лайткойнды алтын мен күміс деп салыстырса болады. Қазіргі таңда оннан астам ірі криптавалюталар бар. Криптовалюта- бұл нақты бағдарламаны қамтамасыз ететін өнім, курстың өсуі тек сұраныс пен ұсынысқа байланысты.

Қандай да бір елде шығарылатын валюта алтын қорымен бекітіледі деп есептеледі. Әйтсе де, қазір валюта басып шығарып отырған әр елдің сол ақшасын қамтамасыз ете алатын бағалы металл қоры жеткілікті екеніне күмән бар. Бірақ, солай болуға тиіс. Ал криптовалюта, оның ішінде биткоин - ештеңемен бекітілмеген. Яғни, арқауы жоқ. Оған деген сұраныс қана болмаса.

Криптовалюталар мынадай бағытта жұмыс істейді. Желінің әрбір мүшесі криптовалютамен делдалсыз тез операциялар жүргізе алады. Яғни, сатып алушы сатушыға ақшаны тікелей жібереді. Банкке барып не болмаса Киви-әмиянға ақша салып жүрудің қажеті жоқ, тек Биткоиндарды жіберсеңіз болғаны. Жүйедегі монеталар — криптографикалық (математикалық) хэш-кодтар. Олардың әрқайсысы толықтай бірегей және екі рет пайдалану мүмкін емес.

Барлық валюталар секілді, Биткоинның да өзінің курсы болады. Криптовалютаның курсын мына сайттан біле аласыздар blockchain.info.

Жаңа Биткоин немесе кез келкен криптовалюта майнинг деп аталатын процесстен құрылады.

Майнерлер қиын математикалық басқатырғыштарды компьютермен шеше отырып жарысады. 10 минут сайын жеңімпаз анықталып, 25 Биткоинмен марапатталады.

Биткоин валютасына қол жеткізудің басқа да жолдары:

- Қызмет көрсету және тауар төлемі ретінде;
- Биткоин криптовалютаны сатып алу ;
- Жеке тұлғалар арасында Биткоинмен алмасу.

Биткоинмен интернеттегі тауарлар мен қызметтерді анонимді түрде сатып алуға болады. Сонымен қатар халықаралық төлемдер жылдам әрі оңай іске асырылады.

Биткоинды сақтаудың бірнеше нұсқалары бар:

1) Оффлайн әмиян

Ол қалданыс компьютеріне орнатылады. Әдетте оны бұзудың алдын алу мақсатында кілттеп қояды. Алайда бұл жерде үлкен бір кемшілік бар. Егер әмиянның құпия сөзін ұмытса, онда мәңгілікке қаражатпен қоштасады.

2) Онлайн әмиян

Онлайн әмиянның оффлайн әмияннан бірнеше артықшылығы бар. Клиент оған компьютермен ғана емес, планшет немесе телефон арқылы да кіре алады. Қолданылуы Киви-әмиян, интеренет-банкингке ұқсайды.

Биткоин криптовалютасының қолданыстағы ақшалардан ерекшелігі:

1. Криптовалютадағы ашық код

Биткоингте интернет-банкингте қолданылатын алгоритмдер жұмыс істейді. Айырмашылығы соңғы пайдаланушы туралы ақпаратты ашық көрсетелі. Биткоин желісінен транзакциялар туралы барлық деректерді табуға болады (қашан? қанша мөлшерде?), бірақ ақшаларды алушы мен жіберуші туралы ақпараттар жоқ (әмиян иесінің кім екені туралы ақпаратқа қол жеткізу мүмкін емес).

2. Инфляцияның болмауы

Монеталардың мөлшері әлемдегі алтын өндірісінің жылдамдығымен өсуде. Максималды көлемі шектелген. Ол 21 млн-ды құрайды. Белгілі саяси партиялар мен корпорациялардың белгіленген тәртіпті өзгерте алмайтығынан жүйеде инфляция болмайды.

3. Шексіз жүргізілетін транзакциялар

Әрбір әмиянды қолданушы кімге болсын, қайда болсын ақша төлей алады. Транзакцияларды бақылау не оларға тиым салу мүмкін емес болғандықтан, аударымдарды Биткоин әмияны бар жер шарының кез-келген жеріндегі қолданушыға жіберуге болады.

Биткоин криптовалютасы қолма-қол ақша тәрізді жұмыс істейді. Банктерге не басқа да ұйымдарға коммиссия төлеудің қажеті жоқ. Жүйедегі төлем комиссиялары кез-келген жердікінен төмен. Ол транзакцияланатын ақша көлемінің 0,1%-ын құрайды.

Сарапшылардың айтуынша, Биткоинның жалғыз ғана кемшілігі бар. Ол — әлемдің жағдайдың криптовалютаға қатты әсер етуі. Биткоин курсының көтерілуі мен түсуі әр елдің үкіметі қандай мәлімдеме жасағанына байланысты. Бұл жоғарғы құбылмалылық пен қысқа мерзімді проблемаларды тудырады.

Бастапқыда Биткоиндар тек математиктер, криптографтар және де компьютермен айналысатын адамдардың арасында ғана сұранысқа ие болды Ол кезде Биткоин электронды ақшаның бар екендігінің дәлелі ғана болатын. 2009 жылдан бастап 1 Биткоин (BTC) 0,8 центке сатыла бастады. Алғашында Биткоинға деген сұраныс өте аз болатын. 2010 жылы мамыр айында ең бірінші 10 000 BTC-ға 2 пицца сатып алынды.

Криптовалюта бағамы тұрақсыз және көптеген факторларға – ең алдымен, тұтынушылар арасындағы танымалдыққа тәуелді. Оған деген сұраныс неғұрлым жоғары және ол туралы Интернеттегі ақпарат неғұрлым көп болса, соғұрлым көп адам оны сатып алуға ниет білдіреді, сөйтіп, бағамы да артады. Жаңалықтар нашарлап (биржа бұзылуы, хакерлік шабуылдар, валбтаға тиым салынуы немесе оны қолданғаны үшін кім де кім қудалануы) кетсе, бағам да төмендей береді.

Ал әлем елдері бұл сандық валютаға қатысты әлі күнге дейін бір тоқтамға келген жоқ. Бұл сөз, әсіресе, Қазақстанға қарап айтылады. ***HowMuch*** аналитикалық сайты криптовалютаға қатысты операцияларға шектеу қойған және рұқсат еткен дүние жүзі мемлекеттерді жариялады.

Мемлекеттердің криптовалютаға деген көзқарасы әр түрлі. Австралия, Германия, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Сингапур және АҚШ-тың кейбір штаттары Биткоинды ашық насихаттаса, Индонезия, Қытай, Ресей, Украина мемлекеттері шектеулер қойған. Ал жақында Еуропалық одақ электронды валютаға кеңшілік берді. Еуропалық сот биткойн мен виртуалды басқада валюта операцияларына қосымша құн салығы салынбау керек деген шешім шығарды. Соттың мұндай шешімі арқылы дәстүрлі валюта мен виртуалды валютаға салық салу жоспары теңестіріледі.

Сондай-ақ, еуропалық сот виртуалды валютаны активтердің қай түріне жатқызуға болатыны туралы сұрақтарды қарастырды. Ұлыбритания биткойн валютаны ешбір қиындыққа қарамастан қолдады. Ал Швеция және Германия елдері және бірнеше елдің салық органдары биткойнды қосымша құн салығы төленетін келісімдер үшін жасалған тауар деп есептеді. «Соттың бұл шешімі биткойндарды ұлттық валютаның баламасы ретінде таныту үшін жасалған алғашқы қадам», — дейді Avalara компаниясының вице-президенті Ричард Асквит. [3]

Ал әлемдік сауда-саттықта ерекше орны бар Қытай мен Оңтүстік Корея ел ішінде криптовалютаға қарсы заң ойластырып жатыр. Бұл – биткоин құнының құлдырауынан кейін туындаған шешім. Алайда оңтүстіккореялықтар мұнымен келіспей, бүгінде оған қарсы 10 мыңға жуық дауыс жинаған екен.

«Бұл нарық абсолютті түрде құбылмалы. Оның болашағын болжау қиын. Қазақстанда криптовалюта ақшаға жатпайды, сондықтан оны пайдалану заңға қайшы.

Валюта мәмілесі онлайн түрде жасалғандықтан, транзакцияларды бақылау және белгіленген тәртіп пен шектеулердің орындалуын қадағалау қиын. Біз халықты бұл операциялардан аулақ болуға ескертеміз, өйткені оның қатерін әркім өз мойнына алады. Мемлекет ешбір қорғай алмайды. Қазіргі таңда Ұлттық банк пен үкімет криптовалютаны қолдануға қатысты шектеу орнатуды қолға алмақ» деді Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев.

Дәстүрлі валютамен салыстырғанда криптовалютаның кемшіліктері

1. Алтын қорымен және мемлекет кепілдігімен қамтамасыз етілмеген.

2. Реттеу механизмдері жоқтығынан қанша дегенмен, электрон әмияндардың сақталуына толық кепілдік жоқ.

3. Жоғары волатильдік, яғни, мұнай бағасының өзгеруіне де емес (дәстүрлі ақшадағы сияқты), биржаның бұзылуы, хакерлік шабуылдар, тіпті Интернет пен электр тогының жағдайына да тәуелді бағасы шұғыл өзгеріп кету ықтималдығы

4. Жекелеген елдердегі биліктің қатынасымен байланысты тәуекелдер. Қаржы реттеушілер криптовалютамен амалдар жүргізуге тиым салуы, тіпті оны қолданғандарды жазалауы мүмкін. Түрлі елдерде оған қандай салық салынатыны да түсініксіз.

5. Криптовалюта сақталған әмиянның құпия кілтін (мнемоникалық фразаны) жоғалтып алу ондағы "ақшаның" түк қалмай жойылып кетуіне әкеліп соғады. Құпия кілтті қалпына келтіру мүмкін емес6. 21 миллион биткоин шығарылғаннан кейін не болатыны белгісіз

7. Майнингтің қиындық деңгейі артқан сайын, ол пайдасы аз жұмысқа айналып барады. Бұған дейін ол процеске қатысушылардың көбін жылдам әрі оңай табыс табу мүмкіндігі қызықтыратын.

8. Тракзациялардың анонинмдігі қандай да бір қылмыстық әрекетке әкеліп соқтыруы мүмкін.

9. Комиссия бар. Қанша дегенмен, биткоиндармен есеп айырысуда комиссия болмауы керек, оған жұрттың қызығуы да осыдан болған. Алайда, түрлі сылтауларға байланысты криптовалютаның бірегейлігі жоғалып барады

Серінің бұдан әрі жалғасқан сапарында кездесіп, өзін мейман етіп төріне шығарған Қабыл деген бидің Айжамал есімді сұлу қызы да ақынның көзіне түсіп, «Әйкен-ай» әнін шығартады. Өзі қашқын, қонатынын сай білгеннің кебін киіп жүрген абзал ер бұл жолы да Айжамал сұлуға еншілеген аяулы әнін ескерткішке қалдырып, ілгері кетеді. Көңілі кеткен сүйгендеріне қолы жетпеген шерлі ақын бір жерге тұрақтай алмай, ел аралай береді. Оның үстіне патша үкіметінен шен-шекпен дәметкен жалбақайлардың Сегіз серіні ұстап беруге жасап жатқан әрекеттері де жанашыр жандар арқылы құлағына жетіп отырады. Сыр өңірінің шешені Бақтиярдың сұлу қызы бар дегенді құлағы шалған сері жігіт сол жаққа жетпек болып құмартады. Табиғаты сұлулықты қалаған жаны да, ажары да әсем Сегіз серінің Мақпалды көрсем деп ынтыққан көңілі алдамаған екен. «Ажары атқан таңдай, бота көз, қыр мұрында, ақша маңдай» әрі әнші, әрі шешен, әрі ақылды аруды көргенде жүрегіндегі сезім қайта бой көтереді. «Бір күні көршілес ауылда болатын келін түсіру тойына Сегіз және оның серіктерін шақырып, ән салғызып, күй тартқызады. Баһрамұлы сонда Мақпалмен кездесіп, онымен бірге алтыбақан теуіп, талшыбықтай бұралған сұлу қызбен көзімен ғана тіл қатысады. Осы жолы Сегіз сымбатты арудың сұлу көркіне тәнті болса да, оған ғашықтығын білдіріп сөз айтпайды. Себебі, ол алғашқы сүйген жары Мүкараманы көзіне елестетіп, Мақпалға деген ыстық сезімін тежеуге тырысқан. Бірақ ақындық, әншілік, күйшілік арынына тән мінезі еркіне қоймай, Сырдың аруына ынтықтыра түскен. Сондай бір сәтте Мақпалдың қасындағы Раушан, Құсни есімді серіктерімен салтанатты түрде серуенге шығып бара жатқанын көрген сері «Гауһар тас» әнін шығарып айтады. Осы әнде Сегіз сері Мақпалды қасындағы Құсни, Раушан есімді қыздарды гауһар тасқа теңеген болса керек. Оған әннің қайырмасында ерекше сипат беріп: Беу-беу, Гауһар тас,Құсни, құрдас Раушан, – үшеуіңді көргенде, Сәулем-ау, сабырым қалмас» [3,62], - ақылына көркі сай үш арудың келбетін әнге қосады. Өлең жолдарындағы «құрдас» Мақпалға арнап айтылғаны. Ақын сезіміне қозғау салып, жүрегін тербеп, тастың асылы, қымбаты гауһарға теңеген аруларға арнаған осы әдемі әні тамаша сұлу сазбен орындалып жүр. Сегіз серінің Мақпал сұлуға ынтық көңілінен туған әсем әндері жөнінде замандасы әрі досы болған Шынияз ақынның «Мақпал-Сегіз» аталатын дастанында, Өске ақында да (осы атпен «Мақпал-Сегіз» дастаны бар) айрықша атаса, өзі де серілік құрып, ән салған, сөз төркінін түсініп, киесін ұққан Жаяу Мұса «Ер Сегіз» өлеңінде:

Сүйсінді жұрт Сегіз сері әнін тыңдап,
Ақынның «Мақпал» әнін көп ел құндап... –
деп, Сегіз талантына бас иіп,
«Мақпал» әнінің ерекше әсері жөнінде тоқталады.
Нұржан Наушабайұлы да «Сегіз сері» дастанында:
Ер Сегіз сал-сері ерткен түзеп сәнін,
Әр елдің салдық құрып татты дәмін.
Найманда Бақтиярдың қызына арнап,
Шығарған жүз елу ауыз «Мақпал әнін» –

деп, Мақпал сұлуға арналған әнінің бір өзі ғана Сегіздің өзгеден бөлек әнші-ақын екенін жырға қосады. Бірақ сұм ажал созған құрық Мақпал сұлуға да ілініп, Сегіз серіні ғашық еткен көркем қыз да қапыда жау оғынан жараланып, о дүниелік болады.

Бүгінгі күнге Сегіз серінің ғашық болып, қолы жетпеген сүйген қыздарына арнаған әндері: Патшайымға «Патшайым», Мақпалға «Гауһартас», Қарғаш қызға «Қарғаш». Шолпан сұлуға «Шолпан», жұбайы Ырысбикеге «Ақ бидай», «Ырысбике» әндері жетті. Күні бүгінге дейін жез таңдай, күміс көмей әншілер реперуарынан тұрақты орын алған аталмыш шығармалар – Сегіз серінің қай әні де сөзіне сазы сай тамаша туындылар болғандығының дәлелі.

Сегіз әншілік-ақындық, балуандық өнеріне қоса керемет сыншы да болғандығы жөнінде Т.Сүлейменов «Сегіз сері» еңбегінде көрініс береді.

Автор аталмыш еңбегінде Қаныш Сәтбаевтың әкесі Имантайдың есімін Сегіз серінің қойғаны туралы тарихи деректі келтіреді: «Жас сәбиге ат қойғызу дәстүрі бойынша Сәтбайдың келіншегі Күнсұлу құндақтаулы баласын көтеріп, күміс қакталған ер-тоқым ерттелген көк шұбар жорғаны жетектеген қалпында Сегізге сәлем етеді. Өзін сыйлап, ілтипат көрсеткені үшін сері жас келіншекке алғыс айтып баланы қолына алады. Сол сәтте Сәтбай одан ұлына ат қойып тілек тілеуін өтінеді» [214 б].

Сегіз сері жас сәбиге:
Дәрежесі бейне хан
Ер боп өссін балақан.
Ат қой десең балаға
Есімі болсын Иманжан
Жігіт болсын өнерлі
Ел-жұртына беделді
Қамқоры болсын халқының
Ақылға дихан кемелді –

деп, батыр, дана, данышпан тұлғалардай болуын қалап, сәбиге талапты да талантты ғұмыр тілейді. «Кейін батыр, әнші-ақын Сегіз Баһрамұлының айтқаны келіп, Иманжан (Имантай) беделді адам болыпты. Осы Имантайдың ұлы Қаныш біздің заманымызда белгілі ғалым болғаны мәлім. Имантайдың өз тұсында елінің сыйлы адамдарының қатарына қосылғанын Сегіз өз көзімен көре алмайды Бірақ Баһрамұлы өзінің сыншылық қабілетімен Сәтбай ұрпағының бақыт иесі болатынын алдын ала білген деп ойлаймыз» [215], - деген автор тұжырымының қазба байлықты ел игілігіне жарату жолында бар қайрат-жігерін жұмсап, ақылын білімге ұластырған «ақылға дихан кемелді» дарынды ғалымның қажырлы еңбегінің нәтижесі қазіргі таңда ғылымның сара жетістіктері болып саналғаны белгілі.

Сондай-ақ, қазақтың маңдайына біткен жарқыраған жұлдызы, аяулы перзенті, ғалым Шоқан Уәлихановтың да ұлт үшін ұлы істер тындырар тұлға болатындығына бата берген тұсы: «Сегіз Шыңғыстың үйінде мейман болып жатқанда, оның келіншегі Зейнеп тұңғыш баласына жас босанып, ұл тапқан еді. Әйелінің қиналмай аман-есен босанғанына, оның үстіне алғашқы нәрестенің ұл болғанына қатты қуанған Шыңғыс елін жиып, шілдехана тойын жасағанда. Жас сәбиін Сегіздің шын атымен Мұхамедқанапия деп атаған. Сегіз келгенде баласының тууын ырымдаған Шыңғыс: «Ұлым өскенде осы Сегіздей жігіттің гүлі болар ма екен» – деп ойлап, Мұхамедқанапия деген есімді қазақтың болашақ ғалымына қойған екен» [93], - деп баяндалады.

Сегіз серінің қазақ балалар әдебиетінің атасы саналатын, қазақ даласына білім шырағын жаққан тұңғыш педагог Ыбырай Алтынсаринге ауған ықыласы тарихи-ғұмырнамалық хикаятта былайша өріледі: «1953 жылы жазда ел жайлауда отырған шақта Сегіз сал-серілік құрып, Балғожа Жаңбыршыұлының аулына келеді. Балғожа оны жігіттерімен жақсы қарсы алып, бірнеше күн мейман етеді. Серінің әні мен күйлерін, қисса-дастандарын тыңдау үшін Қыпшақ елінің біраз адамы жиылып әңгіме-дүкен құрады. Мәжіліс үстінде Балғожа он екі жасар Ыбырай есімді немересін нұсқап: - Батыр, осы ұлым туралы не айтасыз? – деп Сегізге тілек-сұрақ қояды» [236]. Сонда сері «Балғожаға» деген өлеңін шығарып, Ыбырайдың болашағы зор, талапты жас екендігіне үлкен сеніммен:

Балжеке, жақсы ағасыз, жасың үлкен,
Ауызға келген сөзді несіне іркем
Ыбырайжан бұл отырған бұбұл құсың,
Болады халық ардағы, іске икем.
Біріндей осы ұлың күн мен айдың,
Сырына қанық болар әрбір жайдың,
Тіл-көз бен сұқ сөздерден есен болсын.
Асады қатарынан Ыбырайың [237], –

деген екен. Ыбырай Алтынсарин сол Сегіз серінің арманын жалғап, елінен қараңғылық пердесін түріп, ең алғаш қазақ даласында балаларды сауаттандыруға бел шеше кіріскен, «Қазақ хрестоматиясын» жазған айтулы тұлға болғандығы белгілі.

Қазақ әдебиетінің ғана емес, мәдениетінде, өнерінде, елі азаттығы үшін күрескен батырлығымен тарихында аты қалған халқымыздың асыл ұлы Сегіз (Мұхамедқанапия) Баһрамұлы Шақшақовтың тағлымды өмір жолдары мен шығармашылығы арқау етілген көркем туындылардағы өнерпаз тұлғасы даралығымен ерекшеленген. Сегіз сері бейнесі проза саласында болсын, поэзия жанрында болсын өмірінен алынған деректермен байланыса өрнектелгені жоғарыда сөз болған шығармалар дәлел бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1]. Қадыр Мырзаәли. Еңіреп өткен ерлер-ай. (өлең-тарих, өлең-портереттер).- Алматы, «Арыс» баспасы,2001.-112 бет.

[2]. Әлкей Марғұлан. Қазақтың сал-серілік дәстүрі. – Алматы: Өнер, 1981. – 270 б.

[3]. Сүлейменов Т. Сегіз сері. – Алматы: Өнер, 1991. – 270 б.

THE IMAGE OF SEGIZ SERI WORKS OF ART

Zhetkizgenova A.T. - Sh. Yessenov Caspian state university of technologies and engineering, Aktau city, Kazakhstan.

Abstract. One of the series (versatile talented people), famous among the Kazakh people as a poet, singer, kuishi, composer, hero, fighter and master of jewelry affairs, was recognized and beloved by the common people of Seghiz (Mukhamedkanapiya) Bahramuly Shakshakov. Segiz Seri was born in the beginning and died in the middle of the nineteenth century. He was a talented poet, a great singer, a magical jeweler who created beautiful ornaments. The people nicknamed him "Segiz Seri", since he possessed many kinds of art, according to the ancient tradition of versatile talented people they called "Segiz kyrly" (in Russian translation, verbatim "octagonal"). The historical and biographical work of T. Suleimenov "Segiz Seri", which depicts the image of the series in artistic prose, is a voluminous work that gives complete information about the meaningful life and work of the series. All the information about Segiz Seri, which are in the poems of the poet Kadyr Myrza-Ali, are given in this named work.

The life path, the creativity of Segiz Seri are especially beautifully presented in the works of Zhaiau Musa, Nurzhan Naushabayuly, Oke Torjaula, Shyniyaz Zhubatov.

These works have proved that Segiz Seri is a person worthy of being a character of beautiful works.

The writer was able to gift us the personality of Segiz Seri not only as a poet, singer, composer, musician, but also as a fighter for the freedom of his people, batyr.

Key words: sal-seri, work, prose, poetry, talented person, beauties, great personalities, critic.

ОБРАЗ СЕГИЗ СЕРИ В ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПРОЗВЕДЕНИЯХ

Жеткизгенова А.Т. - Каспийский государственный университет технологий и инженеринга им. Ш.Есенова, г.Актау, Казахстан

Аннотация**.** Одним из сери (разносторонне талантливых людей), прославившимся среди казахского народа в качестве поэта, певца, кюйши, композитора, героя, борца и мастера ювелирных дел, был признанный и любимый простым народом Сегиз (Мухамедканапия) Бахрамулы Шакшаков. Сегиз сери родился в начале и скончался в середине XIX века. Он был талантливым поэтом, великолепным певцом, волшебным ювелиром, создававшим прекрасные украшения. Народ прозвал его «Сегиз сери», так как он обладал многими видами искусства, по древней традиции разносторонне талантливых людей называли «Сегиз кырлы» (в переводе на русский язык дословно «восьмигранный»).

Историко-биографическое произведение Т. Сулейменова «Сегиз сери», в котором изображен образ сери в художественной прозе является объемным трудом, дающим полную информацию о содержательной жизни и творчестве сери. Все сведения о Сегиз сери, имеющиеся в стихах поэта Кадыра Мырза-Али, даны в данном названном труде.

Жизненный путь, творчество Сегиз сери по особенному красиво преподнесены также в произведениях Жаяу Мусы, Нуржана Наушабайулы, Оске Торқаулы, Шынияза Жубатова.

Данные произведения стали доказательством того, что Сегиз сери является личностью, достойной быть персонажем прекрасных произведений.

Писатель смог талантливо преподнести нам личность Сегиз сери не только как поэта, певца, композитора, музыканта, но и как борца за свободу своего народа, батыра.

Ключевые слова: сал-сери, произведение, проза, поэзия, талантливый человек, красавицы, великие личности, критик.

ӘОЖ 378.147

Калиева Э.И.[1]
[1]Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

ТҰЛҒАНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Мақалада тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамытудың құрылымдық үлгі қарасытырылған. Онда педагогикалық-психологиялық шарттар, компоненттері, әдістер, формалар мен психологиялық механизмдер енгізілді.

Тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамытудың педагогикалық-психологиялық шарттары ретінде келесілер нақтылалды: педагогтардың кәсібилілігі, білім беру ұйымында интеллектуалды әлеуетті дамытуға ықпал етуші зияткерлік ортаны қалыптастыру, оқыту үрдісін проблемалы етіп ұйымдастыру.

Тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамытудың келесідей компоненттерін жүзеге асыру маңыздылығы сипатталды. Олар: интеллектуалды мотивация, тапқырлық, қиылыстыру қабілеттілігі, дивергенттік ойлау, ассоциация еркіндігі.

Интеллектуалды әлеуетті дамытудың психологиялық механизмдеріне рефлексиялық, өзін басқару және өзін-өзі бағалау жатқызылды.

Интеллектуалды әлеует психологиялық құбылыс ретінде өзгереді, дамиды.

Түйінді сөздер: әлеует, интеллектуалды әлеует, құрылымдық үлгі, шарт, компонент.

Қазақстанда білім беру жүйесін гуманизациялау арқылы нарықтық қатынасты қалыптастыру, яғни отандық қызметсалаларын адамзат жағдайына қарай бейімдеу қазіргі күннің талабы. Оның нәтижесі - жаңасапалы интеллектуалды ұлт. Интеллектуалды қоғам жолында дамып келе жатқан Қазақстанда бізге жаңаша міндеттер жүктелуде. Қазақстанға ұлтымыздың интеллектуалды әлеуетін оятуға және жүзеге асыруға жағдай жасайтын интеллектуалды құбылыс қажеттігісоңғы жылдарда аталып келеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс» атты актілік дәрісінде «интеллектуалды ұлт» қалыптастырудың негізгі аспектілерін атап өткен болатын. «Біздің ендігі міндет – қазақстандықтардың, бірінші кезекте жастардың білімділікке, зияткерлікке, Отан мен халқына қызмет етуге деген көзқарастарын өзгерту» [1].

Осы мақсатта қабылданған «Интеллектуалды ұлт – 2020» Ұлттық жобасы аясында кешенді бағдарламалар құрылып, бұл бағытта зерттеулер жүргізілуде [2].

Сонымен, өскелең ұрпақтың әлеуетін, интеллектуалды әлеуетін арттыру – стратегиялық міндеттерде көрсетілген. Интеллектуалды әлеуетті дамыту ұзақ уақытты талап ететін, әрі күрделі үрдіс,себебі онда жүйелі білім беру негізінде жүйелі іс-әрекет маңызды орын алады.

Ғалымдар әлеуеттің әрқилы түрлерін зерттеген. Ю.В.Сметанова, Л.И.Иванько тұлғалық әлеуеттің, Т.Ф.Красноженова, Л.В.Сохань зияткерлік әлеуеттің, Т.Н.Мальковская, Г.А.Юрина, Н.Е.Кожанова, С.В.Рыкова, В.В.Сергеева тәрбиелік әлеуеттің, П.А. Кобылинский, Л.М.Митина, П.Созонов, адамгершілік әлеуеттің, қазақстандық ғалым Г.М.Кертаева деонтологиялық әлеуеттің және К.К. Жумадирова, Е.П. Гоголев, М.В.Корепанова, Г.Н. Филонов, Е.Н.Шиянов, Е.Л.Яковлева шығармашылық әлеуеттің негіздерін қарастырған.

Жалпы, тұлғаның танымдық іс-әрекеттері мен зияткерлік мәселелеріне әр замандағы көптеген философтар, педагогтар, психологтар, әлеуметтанушылар үлес қосты. Әсіресе, отандық психологтарды ерекше атап кеткен жөн, олар Ж.Ы.Намазбаева, Х.Т.Шерьязданова, С.М.Жақыпов, А.Р.Ерментаева, О.С.Сангилбаев. Дегенмен, тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамыту мәселесі әлі де болса, теориялық және практикалық мәнділігін тапқан жоқ.

Бүгінгі экономика интеллектуалды еңбекке негізделген экономика болып табылады. Ал интеллектуалды еңбектің қозғаушы күші – жастар. Интеллектуалды ұлт қалыптастырудың негізі де ақпарат заманында өзіне қажетті дүниеге тез қол жеткізе алатын, коммуникативті, ізденгіш те тапқыр жастар екені анық.

Тұлғаның интеллектуалды дамуының өзекті мәселелері заманауи психологиялық теорияларда бірнеше бағыттарда қарастырылады. Дегенмен, тұлғаның интеллектуалды әлеуетін, интеллектуалды қабілеттерін дамыту мәселесі бойынша қазіргі ғылымда көзқарастар мен түсініктердің алуан түрлілігі байқалады. Батыстық зерттеулерде интеллектідегі биологиялық берілген қабілеттерге баса назар аударылса, ресей ғалымдарының зерттеулерінде тұлғаның интеллектуалдылық әлеуетін қалыптастырудағы әлеуметтік факторларға көбірек назар аударылатындығы байқалады. Сондықтан интеллектуалдылықты дамыту - бұл индивидтің биогенетикалық нышандары мен әлеуметтік ортаның өзара қарым-қатынасы, әрекеттесуі деп тұжырымдалды.

Интеллект интеллектуалдық әлеуеттің құрамды бөлігі ретінде адамның заттық және тұлғалық сипаттағы әрқашан жаңа мәселелер мен міндеттерді алға қою, іздеу, оның шешімдерін табу қабілеті және сапасы болып табылады.

«Әлеует» ұғымы философияда белгілі бір мақсатқа жетуде, міндетті шешуде қолданылатын қор, көзі, құрал, мүмкіндік [3]. Әлеует динамикалық сипатқа ие: ол әрқашан тұлғаның мотивациясымен мақсатты әрекет барысында толығады немесе дамиды, ашылады. Сонымен, «тұлғалық әлеует» интегралды ұғым болып саналады.

Интеллектуалды әлеует – тұлғаның іс-әрекетінің табыстылығын қамтамасыз ететін тапқырлық, қиылыстыру қабілеттілігі, дивергенттік ойлау, ассоциация еркіндігі, мотивация және интеллектуалдық бағыттылық қорынан құрылатын өзгеріске бейім психологиялық құрылым [4]. Жұмысымызда интеллектуалды әлеуетті дамытудың құрылымы ұсынылады:

Бұл үлгі келесідей құрылымдардан тұрады: негізге алған педагогикалық–психологиялық шарттар, интеллектуалды әлеуеттің көрсеткіштері, дамыту жолдары, әдістері, формалары және болжамды нәтиже. Үлгіде көрсетілгендей, тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамыту ұғымын кешенді тұрғыдан анықтау негізінде екі критерийден тұратын көрсеткіштер нақтыланды:

- интеллектуалды мотивация;
- тапқырлық, қиылыстыру қабілеттілігі, дивергенттік ойлау, ассоциация еркіндігі.

Оқыту үрдісінде ең маңызды интеллектуалды мотивацияның болуы қажет, яғни нақты, айқын емес жағдаятта оқушының жаңаны іздеуде табандылығы, беталысы. Мұндай мотивация оқушының интеллектуалды әлеуетін дамытуға жетелейтін іс-әрекеттерге итермелейді. Интеллектуалды іс-әрекетке жетелейтін мотивация тұлға бойында интеллектуалды әлеуетін ашу, дамыту, қалыптастыру құрылымымен тікелей байланысты.

Сонымен, интеллектуалды мотивация оқу іс-әрекет үрдісінде туындайтын әртүрлі міндеттерді шешуге ықпал етеді және сол міндеттерді шешу жолдарын іздеуге ұмтылысы барысында өзінің бар ішкі мүмкіндіктерін, қорын, яғни әлеуетін көрсетеді.

Интеллектуалды әлеуетті дамытуды мақсат ету оқушылардың әлеуетін кездейсоқ ашу емес, олардың интеллектуалды әлеуетін толыққанды дамытатын оқыту мазмұнын, әдістерін, формаларын, құралдарын арнайы таңдауды және шарттарын құруды болжайды.



Сурет 1 - Тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамытудың құрылымдық үлгісі

Тұлғаның іс-әрекетінің табыстылығын қамтамасыз ететін көрсеткіштерге: тапқырлық, қиылыстыру қабілеттілігі, дивергенттік ойлау және ассоциациялар еркіндігі жатады.

Психологиялық-педагогикалық еңбектерді талдау негізінде, оқу іс-әрекеттің табысты болуына оқушының тапқырлығы ықпал ететінін анықтадық. Себебі сабақ барысында жылдам шешім қабылдауды қажет ететін әртүрлі жағдаяттар, тапсырмалар жүйріктілікті, зеректілікті, пайымдылықты, тапқырлықты танытуды талап етеді. Аталмыш көрсеткіш оқушыға оқу барысында туындатылған сұрақтар мен жағдаяттарға жылдам жауап беріп, оларды өзгертіп, жаңа шешім (альтернативті) табуға көмектеседі. Сонымен, бұл көрсеткіштің дамуын мына жайттан көруге болады:

- міндеттерді шешу барысында жауап табу қабілеттілігі;
- зеректік;
- міндеттерді шешу барысында жауапты іздеу мен табу жылдамдығы.

Оқу іс-әрекеттің табысты болуына оқушының ортақ оймен әрекеттер біріктіру, әрқилы үйлестіру жасау іскерлігі ықпал етеді. Оқушының қиылыстыру қабілеттілігі келесі әрекеттерде көрініс табады, таныс объектіден жаңа функция көре білу, альтернативті шешімдерді іздестіру және таба білу, проблеманы шешудің бұрынғы танымалы тәсілдерін жаңа тәсілге қиылыстыру, басқа танымалы шешімнің айрықша тәсілін құра білу. Сонымен, қиылыстыру қабілеті түрлі үйлесімдер құру, ортақ түпкі оймен біріктірілген әрекет жиынтығын модельдеу біліктілігін қамтиды.

Келесі көрсеткіш дивергентті ойлау **(**лат. divergere – арасы алшақ кету) – әдетте проблемалар мен мәселелерді шешу үшін қолданылатын шығармашылық ойлау әдісі. Бұлстандартты емес ойлауға қабілеттілік, бірсұраққа бірнеше дұрыс жауап болатынсонылы шығармашылық идеялардың туу құралы ретіндесаналады. Әртүрлі қиындықтағы жағдаяттарды орындауда жан-жақты, әрі шығармашылық ойлай алуды, бір проблеманың бірнеше шешімін іздеуді білдіреді.

Дивергентті ойлауды Е.Торранс, Д.Гилфорд, К.Тейлор, Г.Груббер, И.Хайн, А.Б.Шнедер, Д.Роджерс зерттеген.

Сонымен, дивергентті ойлау – «түрлі бағыттағы ойлау типі». Мұндай ойлау берілген фактілермен аз шектелген, мәселені шешу жолдарын өзгертеді және күтпеген нәтижеге әкеледі. Дивергентті ойлау шығармашылықпен байланысты, өйткені жаңа идеялар мен шешімдер туындатады, біркелкілік пен шаблоннан аулақ болуға ықпал етеді.

Келесі көрсеткіш ассоциациялар еркіндігі – ол құбылыстар арасында байланысты орнату, қосу кезінде олардың біреуі екінші ассоциацияның пайда болуын туындатады. Ассоциациалар еркіндігі негізінде оқушы мәселені шешу үрдісінде алыс ассоциацияларды таба алады,сөйтіп бұрында байланыспаған идеялар арасында ассоциацияларды орнату негізінде мәселені шығармашылықпен шешеді. Бұл көрсеткіш оқушының шығармашылық фантазиясын дамытады және мәселелердің оригиналды шешімдерін табуға итермелейді.

Интеллектуалды әлеуеттің көрсеткіштері ретінде тапқырлық, қиылыстыру қабілеттілігі, дивергенттік ойлау, ассоциация еркіндігі алынды. Ал интеллектуалды әлеуеттің мотивациялық көрсеткіші ретінде интеллектуалды мотивация алынды. Интеллектуалды мотивация оқушының танымдық іс-әрекетінде интеллектуалды әлеуетін дамытудың қозғаушы күші ретінде болады.

Теориялық еңбектерге сүйеніп, мектеп оқушыларының интеллектуалды әлеуетін дамытуға тиімді ықпал ететін психологиялық механизмдер ретінде рефлексия, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі басқару деп анықталды. Оқушы рефлексия жасауда, өзінің интеллектуалды әлеуетін, мүмкіндігін түсінеді және оны әртүрлі іс-әрекетте жүзеге асыруға талпынады.

Танымдық іс-әрекетке кірісер алдындағы эмоционалды көңіл-күй қажет, яғни алдындағы орындайтын ісінен орындалмай жатып ойша қанағаттанарлық, әсерлі көңіл-күй алу; алдында орындалатын істің нәтижесін ойша елестетіп, эмоционалды әсер алу. Мұндай әсерлерді психологтар рефлексия ұғымымен байланыстырады.

И.Н.Семенов, Б.Г.Ананьевтің еңбектерінде рефлексия ұғымына жан-жақты талдау жасалған [5, 6]. Сонымен, рефлексия педагогикалық үрдісте оқушылардың интеллектуалды әлеуетін дамытуда таптырмас негізгі құрал болып табылады. Тұлға өзін-өзі дамытуда интеллектуалды қабілетті жетілдіруде рефлексияға немесе өз-өзіне жасалатын рефлексияға талпынысы, ынтасы болуы тиіс.

Рефлексия - интеллектуалды әлеуетін дамытуға, ең басты өзін жетілдіруге бағытталған субъект санасының, іс-әрекетінің мазмұнын қайта ойлау және құру.

Рефлексия кезінде тұлға өзін және іс-әрекетін бағалайды. Осыдан интеллектуалды әлеуетті дамытудағы тағы бір механизмге, яғни өзін-өзі бағалау механизміне тоқталайық.

Тұлға интеллектуалды қызмет барысында сол нәтижеге жету немесе жете алмау жетістіктері мен кемшіліктеріне эмоционалды түрде талдау жасаса, яғни тек өзінің интеллектуалды тәжірибесін ғана емес, сондай-ақ ойда түйген, қабылдаған, әсерленген жағдаяттарын іске қосса тұлғалық әрі интеллектуалды әлеуетін толық қалыптастыруға мүмкіндік туады.

Адекватты өзін-өзі бағалауы жағдайда субъект өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін дұрыс сәйкестендіреді, өзіне сыни көзқарас танытады, жетістіктері мен сәтсіздіктеріне шынайы қарауға ұмтылады, кол жетерлік мақсаттар қояды, осыдан интеллектуалды деңгейі қалыптасады.

Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде өзін-өзі басқару тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамытуды қамтамасыз ететін басты механизмі ретінде анықталды. Бұл механизмді ерік күшті қажет ететін интеллектуалды әлеуетті іске асыруда адамның өзіне-өзі саналы түрде ықпал етуі деп түсінуге болады. Зерттеушілер Л.Б. Ермолаева-Томина өзін-өзі басқару механизмі еріктік механизмнен тұрады деп есептеді.

Жоғарыда аталған қазақстандық ғалымдардың еңбегіне негізделіп, өзін-өзі басқару механизмін тұлғаның дамуының және өзін дамытудың негізі ретінде қарастырамыз. Өйткені, мектеп оқушысы интеллектуалды іс-әрекетте міндеттерді шешудің жаңа тәсілдерін іздестіруде өзге ерекше амал-тәсілдерді қолданады, бұл өз кезегінде тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

Оқушы интеллектуалды қиындығы бар, белгісіздік жағдаяттар мен оқу міндеттеріне кезіккенде, мұнда жаңа шешімдерді іздеу талап етіледі, ал бұның жетістігі өзін-өзі басқару деңгейіне тәуелді.

Өзін басқару механизмі жоғарыда қарастырылған рефлексиялық пен өзін-өзі бағалау механизмдерімен байланысты. Себебі:

- аталған үш механизм интеллектуалды іс-әрекеттің жетістігін сипаттайды;
- барлығына да реттеу қызметі тән және интеллектуалды іс-әрекет өзін-өзі басқару механизмі арқылы толығымен іске асады;
- бұл механизмдер іс-әрекетті түсіну, қайта қарастыру (рефлексиялық), мүмкіндіктерін адекватты бағалау (өзін-өзі бағалау), және интеллектуалды белсенділікті күшейту (өзін басқару) арқылысубъектінің белсенділігінің артуына ықпал етеді.

Сонымен осы барлық қарастырылған механизмдер белгілі бір деңгейде, яғни азды-көпті тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

Тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамытудың педагогикалық-психологиялық шарттарын қарастырайық.

1. Білім алушылардың интеллектуалды әлеуетін дамытуда педагогтардың кәсібилілігі. Қазіргі білім беру міндеттері педагогтарға жоғары талаптар қояды. «Интеллектуалды ұлт - 2020» бағдарламасының білім беру мен ғылыми әлеуетті арттыруға бағытталған кешенді жобасы жүзеге асуда.

Осыған орай, педагогтардың кәсібилігі, құзіреттілігінің дамуы мәселесі маңызға ие болып отыр. Кәсібиліктің инновациялығы көптеген замануи педагогикалық технологияларды игеруді талап етеді. Интеллектуалды, шығармашылық қабілеттері арқасында педагог оқушының интеллектуалды әлеуетін дамытуға, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік алады.

2. Білім беру ұйымында интеллектуалды әлеуетті дамытуға ықпал етуші зияткерлік орта. Интеллектуалдылық – бұл қоршаған ортада мүмкіндік болған жағдайда жарыққа шығатын қасиеттер жиынтығы. Сондықтан, күнделікті өмірде тұлғаның интеллектуалды әлеуетін елемеуге болмайды. Зерттеушілер интеллектуалды әлеуетті дамытуды арнайы ұйымдастырылған ортада ғана жүзеге асыруға болады деп есептейді.

Оқу орнындағы білім беру ортасының тұлғаның ішкі мүмкіндіктерін, қорын, интеллектуалды әлеуетін, қабілеттерін жарыққа шығаруға, талпынысын оятуда атқаратын рөлі өте зор. Ал бұны интеллектуалдық білім беру ортаға айналдыру үшін оқу іс-әрекеті барысында жетістікке жеткізу жағдайларын тудыратын әдістемелік тәсілдер алынуы тиіс.

Білім алушы жастардың интеллектуалды идеясы мен ынталарын қолдайтын, марапаттайтын қоршаған орта аса қажетті, керісінше жағдайда индивидтің ішкі дүниесіндегі интеллектуалды қабілеттер ашылмауы, танылмауы мүмкін. Оларды интеллектуалды іс-әрекетке ынталандыратын жағдайлар жасап, шарттарды тудыру қажет, мысалы, өзін - өзі, өзінің қабілетін еркін таныту, педагог пен оқушы арасындағы субъект мен субъекттік сипатындғы қарым-қатынасты дамыту мүмкіндігі.

Оқушыларды интеллектуалды үрдіске бейімдеу жағдайларына дәстүрлі стереотиптен тыс еркін ойлау, талқылаудан қолайсыз сезіну әсерлерін жоюға белсенділігін ояту, оқушының өз бетінше дамуына міндеттер туғызу жатады.

3. Білім беру үрдісін проблемалы етіп ұйымдастыру.

Проблемалы жағдаят кез келген ойлау актісін, адамның интеллектуалды күшін өзекті ететін алғышарт болып табылады. Осыған орай білім беру үрдісін проблемалы етіп ұйымдастыру тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамытудың маңызды шарттары болып табылады. Проблемалы оқыту іс-әрекетіндегі проблемалы жағдаяттар ойлау әрекетіндегі қиындық ретінде оқушылардың стандарттан тыс шешімдер іздеп, ойлау операцияларының, тапқырлығының дамуына ықпал етеді.

Тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамытуға арналған әдістерге қиылыстыру, ассоциация, іскерлік ойындар, анализ,синтез,салыстыру, топтастыру, ми шабуылы, топтық дискуссия, эвристикалық тапсырмаларын жатқызыдыруға болады. Бұлар интеллектуалды қабілеттің айқын көрінісін қажет етеді. Сонымен қатар, интеллектуалды қабілеттерді дамыту қажетті базалық білім мен практикалық іскерліктер жиынтығын меңгерумен байланысты болады.

Қорыта келе, интеллектуалды әлеует психологиялық құбылыс ретінде өзгереді, дамиды.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] «Интеллектуалды әлеуеттен - интеллектуалды ұлтқа». Алматы, 2012. - 216 б.

[2] Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Интеллектуалды ұлт - 2020». 17 қаңтар, 2014 ж. – Астана.

[3] Нысанбаев Ә. Философия. - Алматы, 2005. -136с.

[4] Кенжебаева Т.Б. Тұлғаның зияткерлік әлеуетін қалыптастыру үдерісін педагогикалық жүйеде басқару. //Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы, Психология сериясы. №1(38) 2014. Б. 199-205.

[5] Семенов И.Н. Рефлексия в организации творческого мышления исаморазвития личности //Вопросы психологии. -2003. -№2.-с.35-42.

[6] Ананьев Б.Г. Психология и проблемы человекознания: Избранные психологические труды. - Воронеж, 1996 г. - 384с.

THE PROBLEM OF DEVELOPING THE IN TELLECECTUAL POTERTIAL OF THE INDIVIDUAL

Kaliyeva E.I. - Sh. Yessenov Caspian state university of technologies and engineering, Aktau city, Kazakhstan.

Annotation The article deals with the structural model of the development of the intellectual potential of the individual. Pedagogical-psychological conditions, components, methods, forms and psychological mechanisms are introduced into the structure.

As the pedagogical and psychological conditions for the development of the intellectual potential of the individual, the following are defined: the professionalism of teachers, the creation of an intellectual environment in educational institutions, which fosters the development of intellectual potential, and the organization of a problem educational process.

The importance of realization of such components of development of intellectual potential of the person as intellectual motivation, resourcefulness, ability of designing, divergent thinking, freedom of association is characterized.

To psychological mechanisms of development of intellectual potential of the person is a reflection, self-management and a self-estimation.

Intellectual potential as a psychological phenomenon is changing and evolving.

Key words: potential, intellectual potential, structural model, condition, component.

ПРОБЛЕМА РАЗВИТИЯ ИНТЕЛЕКТУАЛЬНОГО ПОТЕНЦИАЛА ЛИЧНОСТИ

Калиева Э.И. - Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга им.Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается структурная модель развития интеллектуального потенциала личности. В структуру внедрены педагогические-психологические условия, компоненты, методы, формы и психологические механизмы.

В качестве педагогических-психологических условий развития интеллектуального потенциала личности определены следующие: профессиональность педагогов, создание интеллектуальной среды в образовательном учреждений, способствующий развитию интеллектуального потенциала, организация проблемного учебного проецесса.

Охарактеризована важность реализации таких компонентов развития интеллектуального потенциала личности, как интеллектуальная мотивация, находчивость, способность конструирования, дивергентное мышление, свобода ассоциации.

К психологическим механизмам развития интеллектуального потенциала личности относится рефлексия, самоуправление и самооценка.

Интеллектуальный потенциал как психологическое явление меняется и развивается.

Ключевые слова: потенциал, интеллектуальный потенциал, структурная модель, условие, компонент.

ӘОЖ 510.6 (045)

Урбисинова Б. Т.[1]

[1]Ш. Есенов атындағы каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОЙЛАУДЫҢ ЛОГИКА-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада математикаға үйретудің маңызды міндеттерінің бірі – оқушылардың ойлау қабілетін дамытудың логика-психологиялық негіздері, психологияда таралған ойлаудың бірнеше шартты классификациясы баяндалған. Аталған ойлау түрінің арқасында адам жалпы заңдылықтар орната алады, табиғат пен қоғамдағы құбылыстарды болжай алады.

Түйіндй сөздер: даму генезисі; шешілетін міндеттердің сипаттамасы; таралу деңгейі; жаңашылдық деңгейі; ойлау құралдары; ойлау функциялары.

Қазақстан Республикасының білім беру стандартында білім берудің басты міндеті логикалық ойлауды дамыту болып табылатындығы атап айтылған. Логикалық ойлаудың қисындылығы олардың шындыққа сай келуінде. Логикалық ойлауға түскен құбылыстың себептері мен салдары, ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Ой әрекеті барысында адам қоршаған дүниені танып, білу үшін ерекше ақын қызметін орындайды. Бұл нақты қызмет талдау, біріктіру, салыстыру, дерексіздендіру нақтылау және қорытындылау арқылы жүзеге асырылады.

Оқу жасөспірім үшін негізгі әрекет болып табылады. Оның психикалық дамуы қалай оқитынына байланысты. Жасөспірімдік кезеңде оқу процесінде оқушылардың ойлау әрекетінің дамуында нақты алға жылжулар жүзеге асады.

Жасөспірімдер өз білімдерін кеңейтуге, байытуға, игерілетін құбылыстардың мәнін ашуға, себеп-салдар байланыстарын орнатуға тырысады. Оларға өз бетімен ойлау, жаңалық ашу ұнайды. Жасөспірім үшін білімнің өмірлік мәнін түсіну тұлға ретінде дамуы үшін маңызды. Көптеген пәндер жасөспірімге тек қана білімді емес, жан-жақты етіп дамытатыны үшін де ұнайды.

Егер жасөспірім білімнің өмірлік мәнін ұғынбаса, пәндерге салғырттық қалыптасуы мүмкін. Эмоционалдық қалыптылық оқушының оқу әрекетіне объективті баға беруіне де байланысты.

Жасөспірімдік шақта оқушы үшін оқудың жаңа мотивтері пайда болады. Мұғалім сол мотивтерді, олардың қалыптасуын білуі керек, баланың білімге көзқарасы мұғалім жұмысының сапасы мен оның оқушымен қарым-қатынасына тәуелді.

Қоршаған ортамен байланыстың, құрбылармен қарым-қатынастың кеңеюі, жеке қызығушылықтардың пайда болуы жасөспірімнің оқуға құлшынысын әлсіретеді. Оқу процесі оқушының қажеттілігіне жауап бергенде ғана оның оң көзқарасын тудыртады. Кейде білуге құштарлық мектептегі оқу процесіне кереғар көзқараспен қатар жүруі мүмкін. Бұл жағдай оқу процесінде туындаған сәтсіздік пен мұғаліммен қақтығыс қарсы жауап болуы мүмкін. Жасөспірім өзімшілдіктен сабақтағы сәтсіздіктерге қатты налиды немесе оқуға тіпті қиналмайтындай түр танытады.

Жасөспірімнің оқуға, әсіресе математикаға оң көзқарасына пәннің ғылыми мазмұны, теорияның өмірмен тығыз байланысының ашылуы ықпал етеді.

Математикаға үйретудің маңызды міндеті – оқушылардың ойлау қабілетін дамыту.

Ойлау – жоғары танымдық процесс. Адамның ойлауы – жадыдағы құбылыстар мен бейнелердің шығармашыл тұрғыда көрініс беруі. Ойлау үнемі белгілі бір міндетті шешуге бағытталады. Ойлау – психикалық әрекеттің күрделі формасы. Ойлау процесінде адам ақыл-ой операцияларының көмегімен қоршаған әлемді таниды. Бұл операциялар әртүрлі бір-бірімен тығыз байланысты, бір-біріне өтетін ойлардан тұрады. Негізгі ойлау операциялары – анализ, синтез, салыстыру, абстракция, нақтылау, жалпылау.

Анализ – Бүтінді ойша бөліктерге бөлу немесе бүтіннен ойша түрлі әрекеттерді, қатынастарды бөліп алу. Анализ практикалық және теориялық болады. Егер анализ басқа операциялардан бөлініп кетсе, онда ол механикалық түрде болады. Мұндай анализ элементтері сәбидің ойлау қабілетінің алғашқы қадамдарында болады: бала ойыншықтарды сындырады, оны әрі қарай пайдаланбайды.

Синтез – бөліктерді, қасиеттерді, әрекеттерді бүтінге біріктіреді. Синтез анализге қарама-қарсы. Әріптер мен дыбыстардан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем шығады.

Салыстыру – заттар мен құбылыстардың ұқсастықтарын немесе айырмашылықтарын табу. Салыстыру біржақты және көпжақты; үстірт және терең; жанама және тура болады.

Абстракция зерттелетін объектінің қандай да бір қасиеттерін даралап ерекшелейді. Мысалы белгілі бір затты айтпай-ақ, жасыл түстің өзі адамның көруіне пайдалы екенін жеткізуге болады. Ұзындық, ен, сан, теңдік, құн – абстракт ұғымдар.

Нақтылық – мазмұнды ашу мақсатында жалпылық пен абстрактіден нақтылыққа ойды қайтару. Егер айтылған ой түсініксіз болса, нақтылыққа жүгінеді.

Жалпылау – заттар мен құбылыстарды жалпы немесе айқын сипаттары бойынша ойша біріктіру. Ой үнемі нәтижеге бағытталады. Әртүрлі негіздегі объектілерді жалпылау күрделірек келеді.

Аталған операциялар бір-бірінен оқшау күйінде көрініс таппайды. Олардың негізінде классификация, систематизация секілді күрделі операциялар туындайды. Әрқайсысы ақыл-ой әрекеті ретінде қарастырылады. Осы операциялар негізінде адам ойының белсенділігі, шығармашылдық мүмкіндігі ашылады.

Ойлаудың міндеті – ой әрекеті, әрбір ой жалпылау арқылы жүзеге асады.

Психологияда ойлаудың бірнеше шартты классификациясы таралған: даму генезисі; 2) шешілетін міндеттердің сипаттамасы; 3) таралу деңгейі; 4) жаңашылдық және сонылық деңгейі; 5) ойлау құралдары; 6) ойлау функциялары т.б.

1. Даму генезисі бойынша: көрнекілік-әрекеттік; көрнекілік-бейнелік; сөздік-логикалық; абстрактілік-логикалық.

Көрнекілік-әрекеттік ойлау – заттарды тура түйсінуге сүйенетін қарапайым ойлау түрі.

Көрнекілік-бейнелік ойлау – заттарды және көріністерді бейнелеу арқылы жүзеге асатын ойлау түрі.

Сөздік-логикалық – ұғымдармен логикалық операциялар жүргізу. Субъект зерттелетін шындықтың байқалмайтын тұстарының заңдылықтарын ашады.

Абстрактілік-логикалық – заттардың көзге көрінбейтін немесе дерексіз жақтарын айыру.

2. Шешілетін міндеттердің сипаттамасына қарай ойлау теориялық, практикалық болып бөлінеді.

Теориялық ойлау – теориялық тұжырымдардың негізінде ойлау. Практикалық ойлау – практикалық тапсырмаларды шешуге арналған тұжырымдар негізінде ойлау.

Теориялық ойлау – заңдар мен ережелерді үйрену.

Практикалық ойлаудың негізгі міндеті – шындықты практикада жүзеге асыруды жүргізу: мақсат қою, жоспар, жоба, сызба жасақтау.

3. Таралу деңгейі бойынша: дискурсивті, интуитивті.

Дискурсивті ойлау – түйсіну емес, логикалық талқылауға негізделген ойлау. Интуитивтік ойлау - сезімге негізделген ойлау.

4. Жаңашылдық және сонылық деңгейдің ойлауы репродуктивті және продуктивті болып бөлінеді.

Репродуктивті ойлау – белгілі бір қайнар көздерден алынған бейнелер мен көріністер негізінде ойлау. Продуктивті ойлау – шығармашылдық қиялдау негізіндегі ойлау.

5. Ойлау құралдары бойынша вербалды және көрнекі болып бөлінеді.

Көрнекі ойлау – заттардың көрінісі мен бейнелер негізіндегі ойлау. Вербалды ойлау – дерексіз, белгілер құрылымына негізделген ойлау.

6. Функциялар бойынша сыни және шығармашыл болып бөлінеді.

Сыни ойлау басқа адамдардың пікірінің кемшіліктерін көрсетуге арналған. Шығармашыл ойлау өзіндік тың пікірлерді, идеяларды, жаңа білімдерді жарыққа шығарады.

Ойлаудың барлық түрлері бір-бірімен тығыз байланысты.

Сөздік-логикалық ойлауға ұғымдарды, логикалық конструкцияларды қолдану тән. Жалпы ойлаудың бұл түрі тарихи және онтогенездік дамудың кейінгі этапына жатады.

Аталған ойлау түрінің арқасында адам жалпы заңдылықтар орната алады, табиғат пен қоғамдағы құбылыстарды болжай алады.

Ең дерексіз ойлаудың өзі ешқашан сезімнен ажыратылмайды.

Математиканы оқытуда логиканы дамытатын есептермен қатар логикалық сауаттылыққа жетелейтін тапсырмалар да болуы керек.

Логикалық сауаттылық дегеніміз әрі қарай өз бетімен білім алуға бағыттайтын, тәжірибеде іске асыруға септігін тигізетін білімдер мен біліктер. Бұл білімдер мен біліктер логикалық ойлаудың алғышарттары болып табылады.

Логикалық сауаттылық қалыптастыруға барлық пән мұғалімдері жауапты. Бірақ математика пәнінің мұғалімі көбірек жауапты, себебі, математика сабақтарында логика нақтырақ және ашық көрініс табады.

Мектеп кезеңіндегі оқу сатылары арасындағы сабақтастықтың қажеттілігі оқушылардың логикалық ойлауының үздіксіз қалыптасуына, дамуына ықпалын айта отырып, бастауыш мектептен бастап бала бойында көрініс беруге тиісті білімдер мен біліктерге басымдық беру керек.

Біліктер мен әрекеттердің негізгі топтары.

I. Заттардың белгісін айқындау, оларды жүзеге асыру

1. Заттардың белгісін айқындау(деректі және дерексіз).

2. Екі немесе одан да көп затты салыстыру: а) екі, үш, одан да көп заттардың ұқсастығын анықтау; б) екі, үш, одан да көп заттардың ерекшелігін анықтау.

3. Заттардың тобындағы ортақ қасиеттерді анықтау: а) топ үшін ортақ ат таңдау; б) «артық» затты алып тастау; в) жетіспестікті анықтау; г) затардың топтарын салыстыру.

4. Заттардың қатарда орналасу заңдылығын анықтау.

5. Заттарды белгілеріне қарап тану.

6. Белгілеріне қарап заттарды суреттеу.

II. Классификация:

1. Дайын классификациядағы кластарды сөзбен сипаттау.
2. Берілген негіз бойынша кластарға бөлу.
3. Өз бетімен классификацияға бөлуге негізді анықтау.
4. Жүргізілген классификация нәтижесін тексеру

III. Логикалық сөздерді (және, немесе, бәрі, кейбір) түсіну және дұрыс қолдану.

IY. Ережелер:

1. Объект белгілерін айқындау.
2. Объект белгілерінің сипатты жиынтығын айқындау.
3. Белгілері бойынша объектіні сипаттау.
4. Тектік-түрлік қатынастарды айқындау.
5. Тегі мен түріне қарап ережелер құру.

Y. Қарапайым тұжырымдар мен дәлелдемелер:

1. Индукция бойынша тұжырымдар
2. Аналогия бойынша тұжырымдар.

3. Дедуктивті тұжырымдар: а) эквиваленттілік және реттік қатынастар қасиеттері негізінде; б) ой қорыту, терістеу және силлогизм ережелері бойынша.

4. Мысал және қарсы мысал көмегімен тұжырымдарды дәлелдеу немесе теріске шығару.

Қазіргі орта мектеп түлектерінің төмендегідей логикалық білімдер мен біліктерді игеру қажет:

1) белгілі ұғымды анықтап білу;
2) классификация ережелерін білу;
3) логикалық сөздердің мәнін түсіну (және, немесе, егер, емес, эквивалентті);
4) математикалық сөйлемнің логикалық формасын анықтау;
5) «қажет», «жеткілікті» терминдерінің мәнін түсіну, оларды теріске шығару, сол сияқты бірге қолдану;
6) тұжырымдарды дәлелдеп білу, жиі қолданылатын әдістерді білу, дөрекі логикалық қателерді тауып білу;
7) ішкі логикалық жағдаятқа сәйкес өз әрекетін дұрыс ұйымдастыра білу;
8) сыни тұрғыдан нақты, толық ойлап білу;
9)негізгі ойлау әдістерін білу (анализ, синтез, жалпылау, салыстыру).

Жалпы оқу процесінде жасөспірімнің математикалық ойлауы байқаларлықтай жетіледі. Сабақта математика пәнінің мұғалімі оқушыға тым жоғары талап қояды. Оқушы тақта алдында да, дәптермен де өз бетімен көбірек жұмыс істейді. Оқушының логикалық ойлау қабілеті дамиды, өз бетімен қорытынды жасай алады.

Жасөспірімнің ойлау қабілетінің ерекшелігі – жыл сайын өсіп келе жатқан абсолюттік ойлауы, деректілік пен дерексіздік қатынасына көзқарасының өзгеруі.

Бұл кезеңге тән нәрсе – тәжірибеге бейімділік. Түйсік жоспарлы, жүйелі, жан-жақты сипат алады. Жасөспірім аналитикалық-синтетикалық түйсікке бой алдырады, оның теориялық рефлективтік ойлауы дамиды. Ол болжамдар құрып, өзі тексереді. Есеп шығарғанда тек шығарып қана коймай, оны логикалық тұрғыда негіздейді.

Оқушы шешімдерді кешенді іздеуге ұмтылады. Жаңа есепті шешу үшін әртүрлі жолдар қарастырады, осылайша есептерді шығаруда логикалық тиімділігін қарастыра отырып, түрлі жол табады.

Жасөспірімдік шақта есте сақтау мен зейін де біраз өзгерістерге ұшырайды, бірте-бірте жүйелі, басқарылатын сипатқа ие болады.

Сонымен математика сабағы логикалық дамуға жанды негіз болады, ал мұғалім осы мүмкіндікті молынан пайдаланып білуі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Липина И. Развитие логического мышления на уроках математики // Начальная школа. – 1999. - № 8. С. 37-39.

[2] Пиаже Ж. Избранные психологические труды. – СП-б: Изд-во «Питер», 1999.

[3] Гайштут, А. Г. Математика в логических упражнениях / А. Г. Гайштут. — Киев: Рад. шк., 1985. — 193 с.

LOQICO - PSYCHOLOQICAL BASIS OF THINKINQ IN THE LESSON OF MATHEMATICS

Urbisinova B.T. - Sh.Yessenov Caspian State University of technologies and engineering, Aktau, Kazakhstan

Abstract. The article says about one of the important tasks of teachinq mathematics- loqical and psycholoqical bases of development of mental abilities of students, several conventional classification of thinkinq, prevalent in psycholoqy. Thanks to this kind of thinkind, a person can establish qeneral parttems, predict natural and social phenomena.

Key words: development qenesis, description of solved problems, level of distribution, level of novelty, means of thinkinq, functions of thinkinq.

ЛОГИКО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

Урбисинова Б. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им. Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан

Аннотация. В статье говорится об одной из важных задач обучения математики – логики-психологических основах развития мыслительных способностей учащихся, о нескольких условных классификациях мышления, распространенных в психологии. Благодаря названному виду мышления человек может устанавливать общие закономерности, прогнозировать природные и общественные явления.

Ключевые слова: генезис развития; описание решаемых задач; уровень распространения; уровень новизны; средства мышления; функции мышления.

ӘОЖ 53.072.13

Туркменбаев Ә.Б.[1], Демегенов Б.Д.[1]

[1]Ш. Есенов атындағы каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

ЗАРЯДТАЛҒАН БӨЛШЕКТЕРДІҢ МАГНИТ ӨРІСІНДЕГІ ҚОЗҒАЛЫСЫН КОМПЬЮТЕРДЕ МОДЕЛЬДЕУ

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп жағдайында түсінуге қиындық тудыратын зарядталған бөлшектердің магнит өрісіндегі қозғалысының көрнекі түрдегі компьютерлік моделі қарастырылады.

Түйінді сөздер: зарядталған бөлшек, магнит өрісі, компьютерлік модель, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Кіріспе**.** Физика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәндерінің мазмұны ғылымның, техниканың ең соңғы түбегейлі жаңалықтарына сай болуы тиіс. Соңғы кездері қарқынды дамып келе жатқан физиканың, техникалық ғылымдардың жалпы өзегі бейсызықтық әрі ықтималдық ұғымдары болып отыр. Осыған сәйкес бейсызық физика, синергетика, өзқауым теориясы сияқты жаңа ғылыми бағыттар қалыптасты. Ақпарат теориясы осы бағыттармен тікелей байланыс тауып, ақпараттық техниканың негізі болып отыр.

Қазіргі кезде заттардың қасиеттерін, физикалық процестер мен құбылыстарды зерттеуде қолданылатын математикалық және физикалық модельдермен қатар компьютерлік модельдеу жиі қолданылуда.

Негізгі бөлім**.** Модель – бұл зерттеу процесінде түпнұсқаның аталмыш зерттеу үшін кейбір маңызды типтік белгілерін сақтай отырып, түпнұсқа – объектіні алмастыратын материалдық немесе ойша көзге елестететін объект.

Құрылу тәсілдеріне және құрылымдарына қарай барлық модель материалдық және идеал модель болып екіге бөлінеді. Материалдық модельге объективті тіршілік ететін, адам қолымен жасалған немесе осы объектілерге тән белгілі қасиеттерге бара-бар іріктеліп алынған модельдер жатады. Олардың міндеті зерттеліп отырған процестің немесе құбылыстың құрылымын, мән-маңызын, өту сипатын ұқсас бейнедегі қалыпқа келтіру.

Адам ойындағы физикалық заңдылықтарға, математикалық ережелерге және логикалық ақыл-ойға сүйеніп жасалатын модельді идеал модель дейді.

Идеал модельдер өз формасы жағынан субъективті болып келеді, олар тек адам әрекетінде ғана бар болады немесе логикалық заңдылықтары бойынша қызмет атқарады.

Идеал модельдер - адам миында, ойша жасалатын модельдер. Олар суреттер, белгілі бір таңбалар, символдар арқылы берілуі мүмкін. Бірақ элементтердің барлық өзгерісі адам миында логикалық, математикалық, физикалық ережелер мен заңдар арқылы өтеді.

Идеал модельді екіге бөлуге болады: түсінік модель және таңбалық модель. Түсінік модель – объективтік шындықтың адам миындағы бейнесі [1]. Адам бейне арқылы ойлайды. Сондықтан оқушыларда бейнелер қорын толтыру – физиканы оқытудың басты міндеттерінің бірі.

Түсінік модель тікелей сезім мүшелері арқылы қабылдауға болмайтын объектілерді (әсіресе, микробөлшектерді) зерттеуде керек.

Таңбалық модельдерде объектінің элементтері, олардың қатынастары мен қасиеттері белгілі таңбалардың көмегімен беріледі. Таңбалық модельдердің ерекшелігі – модельдің элементтері мен түпнұсқаның элементтерінің арасында ешбір ұқсастықтың болмауында. Таңбалық модельдеуде әртүрлі сұлбалар, сызбалар, формулалар, табиғи және жасанды тілдердің алфавитіндегі сөйлемдер модель ретінде қызмет ете алады.

Идеал модельдердің көрнекілігі шығармашылық қиялдың жемісі болып табылатын сезім түрлерінен келіп шығады. Идеал модель «сезім мен ойлау арасындағы, көрнекі қабылдау мен құбылыстарды елестету арасындағы аралық бөлім сияқты болып тұрады» [2]. Тек модель көмегімен ғана құбылыстың сезімдік бейнесін жасап, мәнді көрнекілендіруге болады. Және де мұндай бейне қарапайымдандырылған, абстракцияландырылған әрі екінші дәрежелі, аса маңызды емес, кездейсоқ нәрселерден арылған деп қабылданады.

Модельдеу объектінің моделін жасап сол арқылы зерттейді. Бұл кезде объектінің зерттеушіні қызықтыратын белгілі бір жақтары сақталып қалады.

Жалпы алғанда модельдеу деп таным қызметінде бір түпнұсқаны онымен ұқсастық қатыста болатын түпнұсқамен ауыстыратын қандай да бір нақты немесе ойша елестетілетін жүйе түсіндіріледі. Модельдің түпнұсқамен сәйкестігі кеңістіктік, физикалық немесе функционалдық болуы мүмкін. Зерттеулер барысында олар ұқсастықтың критерийі ретінде айқын тұжырымдалуы тиіс.

Модельдеу физикалық эксперименттің ерекше түрі деп саналады. Себебі, дәстүрлі тәжірибелерде эксперименттік зерттеу құралдары зерттеу объектісімен тікелей әсерге түседі. Ал модельдеуде объектімен мұндай тікелей әсерлесу жоқ, эксперимент оның моделімен жүргізіледі.

Физикалық және математикалық есептерді компьютерді пайдаланып шешу деп саналы түрде, математикалық сипаттамалары шешілуі тиіс есеппен бірдей етіп жасалынған, физикалық жүйемен жасалатын экспериментті айтуға болады [3].

Осы тұрғыда қарағанда компьютерді пайдаланып есеп шығару процесін модельдеу деп атайды. Мұндай модельдерді құру мүмкіндігі, физикалық мәні әр түрлі құбылыстардың математикалық сипаттамасының ұқсастығымен анықталады.

Қазіргі кезде компьютерлік модельдеу жалпы білім беретін орта мектептердің информатика пәнінің оқу бағдарламасына енгізілген. Көп ретте компьютерлік модельдеудің басты мақсаты қарастырылатын физикалық құбылыстың мағынасын, сипатын ашуға бағытталады, есептеу тәсілінің ең қарапайым түрі таңдап алынады. Құбылысты талдауға жеткілікті дәлдік айнымалылардың өзгеру қадамын кішірейту арқылы жүзеге асырылады. Сонымен бірге оқушыларға, студенттерге физикалық құбылыстардың сипатты заңдылықтарын тағайындауға қажетті параметрлердің мәндерін сайлап алу мүмкіндігі беріледі (әрі бұл шарт негізгі дидактикалық есеп болып табылады).

Компьютердің физика ғылымына берер көмегі көп. Осы ойымызды дәлелдеу үшін компьютерді қолдану арқылы зарядталған бөлшектердің магнит өрісіндегі қозғалысына мысал келтірейік.

Ол үшін біртекті магнит өрісінде ($\vec{B}$) ұзындығы l тоғы бар өткізгіш алайық. Өткізгіш магнит өрісінің бағытына α бұрышпен орналасқан (1 суретке сәйкес).

С:  өткізгіш

Сурет 1 – Өткізгіш магнит

Ұзындығы Δl өткізгіш бойымен q заряд $\vec{\vartheta}$ жылдамдықпен қозғалса, онда осы зарядқа қатысты радиус-векторы r нүктенің магнит өрісінің индукциясы мынаған тең:

$$B = \frac{\mu_0 \, \mu \, q \, \vartheta \sin\alpha}{\mathrm{r}^2} \tag{1}$$

Сонда заряды q, жылдамдығы $\vec{\vartheta}$ бөлшекке индукциясы $\vec{B}$ магнит өрісі Лоренц күшімен әсер етеді:

